

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ- ТҮРК
УНИВЕРСИТЕТІ

HOCA AHMED YASAVI
ULUSLARARASI KAZAK-TÜRK
ÜNİVERSİTESİ



«TURKIC HISTORICAL STUDIES»

SCIENTIFIC JOURNAL

№ 1 (4) 2025
қаңтар-наурыз

БАС РЕДАКТОР

Тарих ғылымдарының докторы, профессор
ТҮРСҮН ХАЗРЕТӘЛІ МАХАНҰЛЫ

Индекстеледі/Tarama indeksli/ Индексируется/ Scanned indexes:



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде 2024 жылғы 3 мамырда тіркеліп, № KZ12VPY00092351 куәлігі берілген.(Астана қ.)

Атауы: журнал, Turkic historical studies

Тілі: қазақ, ағылшын, орыс, түрік.

Шығу жиілігі: 3 айда 1 рет.

Меншік иесі: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі

Тақырыптық бағыты: Ғылыми, тарих, археология және этнология.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, шетелдер.

KURUCU:

Hoca Ahmed Yasavi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi
Dergi, Kazakistan Cumhuriyeti Kültür ve Enformasyon Bakanlığı «Kazakistan Cumhuriyeti Kültür ve Enformasyon Bakanlığı Bilgi Komitesi» Cumhuriyet Devlet Kurumuna 3 Mayıs 2024 tarihinde tescil edilmiş ve KZ12VPY00092351 sayılı sertifika vermiştir.(Astana Şehri)

Adı: Dergi, Turkic historical studies

Dil: Kazakça, ingilizce, Rusça, Türkçe.

Çıkış sıklığı: 3 ayda bir 1 kez.

Sahibi: Kurum "Hoca Ahmed Yasavi Uluslararası Kazak-Türk Üniversitesi»

Tematik yön: bilimsel, tarih, arkeoloji ve etnoloji.

Dağıtım bölgesi: Kazakistan Cumhuriyeti, yurtdışında.

УЧРЕДИТЕЛЬ:

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
Журнал зарегистрирован в Республиканском государственном учреждении «Комитет информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан» Министерства культуры и информации Республики Казахстан 3 мая 2024 года и выдан сертификат № KZ12VPY00092351.(Г. Астана)

Название: журнал, Turkic historical studies

Язык: казахский, английский, русский, турецкий.

Периодичность издания: 1 раз в 3 месяца.

Владелец: учреждение " Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави»

Тематическое направление: научная, история, археология и этнология.

Территория распространения: Республика Казахстан, зарубежья.

FOUNDER:

Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University
The journal was registered in the Republican State Institution "Information Committee of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan" of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan on May 3, 2024 and issued certificate No. KZ12VPY00092351.(Astana)

Title: journal, Turkish historical studies

Language: Kazakh, English, Russian, Turkish.

Periodicity of publication: 1 time in 3 months.

Owner: institution "International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmed Yasawi"

Thematic area: scientific, history, archeology and ethnology.

The territory of distribution: The Republic of Kazakhstan, abroad.

РЕДАКЦИЈАЛЫҚ АЛҚА МҮШЕЛЕРІ

Алибек С.	- т.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ахмет А.	- т.ғ.д., профессор /Қазақстан/
Ауанасова А.М.	- т.ғ.д., профессор ҚР БЖМ Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері /Қазақстан/
Әбжанов Х.М.	- т.ғ.д., профессор ҚР ҰҒА академигі /Қазақстан/
Ержиласун Г.Қ.	- PhD доктор, профессор /Түркия/
Жеңіс Ж.	- Ш.Уәлиханов атынд. Тарих және этнология инст. директор орынбасары, т.ғ.к., профессор /Қазақстан/
Исин А.	- т.ғ.к., профессор /Қазақстан/
Қартаева Т.	- т.ғ.к., профессор /Қазақстан/
Қожа М.	- т.ғ.д., қауым. профессор /Қазақстан/
Примкулова Г.Ж.	- т.ғ.к., доцент /Қазақстан/
Ражабов К.К.	- т.ғ.д., профессор ӨР ҒА Тарих институтының бас ғылыми қызметкері /Өзбекстан/
Сельмаз Тогиди	- т.ғ.д., профессор АР ҒА Шығыстану институтының бөлім меңгерушісі /Азербайжан/

DANIŞMA KURULU

Alibek S.	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Akhmet A.	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Auanasova A.M.	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Abzhanov K.M.	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Erzhilasun G. K.	- Prof. Dr. /Türkiye/
Zhenis Zh.	- Sh.Ualikhanov adını taşıyan Tarih ve Etnoloji Enstitüsü Müdür Yardımcısı, Prof. Dr. /Kazakistan/
Isin A.	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Kartayeva T.	- Prof. Dr. /Kazakistan/
Hoca M.	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Primkulova G.	- Doç. Dr. /Kazakistan/
Razhabov K.K.	- Prof. Dr. /Özbekistan/
Selmaz Togidi	- Prof. Dr. /Azerbaycan/

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алибек С.	- д.и.н., профессор /Казахстан/
Ахмет А.	- д.и.н., профессор /Казахстан/
Ауанасова А.М.	- д.и.н., профессор /Казахстан/
Абжанов К.М.	- д.и.н., профессор академик НАН РК /Казахстан/
Ержиласун Г.Қ.	- PhD, профессор /Турция/
Женис Ж.	- зам. директор института Истории и этнологии имени Ш.Уалиханова, д.и.н., профессор /Казахстан/
Исин А.	- к.и.н., ассоц. проф. /Казахстан/
Картаева Т.	- к.и.н., профессор /Казахстан/
Кожа М.	- д.и.н., ассоц. проф. /Казахстан/
Примкулова Г.Ж.	- к.и.н., доцент /Казахстан/
Ражабов К.К.	- д.и.н., профессор /Узбекистан/
Сельмаз Тоғиди	- д.и.н., профессор /Азербайжан/

EDITORIAL BOARD

Alibek S.	- Doctor of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Akhmet A.	- Doctor of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Auanasova A.	- Doctor of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Abzhanov K.	- Doctor of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Erzhilasun G.	- PhD, Professor /Turkey/
Zhenis Zh.	- Deputy Director of the Institute of History and Ethnology named after Sh.Ualikhanov, Doctor of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Isin A.	- Candidate of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Kartayeva T.	- Candidate of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Hoca M.	- Doctor of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Primkulova G.	- Candidate of Historical Sciences, Professor /Kazakhstan/
Razhabov K.	- Doctor of Historical Sciences, Professor / Uzbekistan/
Selmaz Togidi	- Doctor of Historical Sciences, Professor / Azerbaijan/

ӨОЖ 316.4.063.7;159.9

FTAMP 11.15.86

ORCID: 0000-0002-6146-500X

Әзірбекова Аманкүл Жорабекқызы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

2 курс докторанты.(Түркістан қ., Қазақстан)

E-mail:doktor.amanda@mail.ru

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ПСИХОЛОГИЯСЫ: ИСА ТОҚТЫБАЕВ МЫСАЛЫНДА

Аңдатпа. Мақалада Иса Тоқтыбаевтың өмірі мен қызметі арқылы тұлғаның саяси қуғын-сүргін психологиясы зерттеледі. Тоқтыбаев – Түркістан республикасының дамуына үлес қосқан, саяси және қоғамдық қызметкер ретінде танылған тарихи тұлға. Мақалада Тоқтыбаевтың психологиялық ерекшеліктері, оның шешім қабылдау қабілеті, көшбасшылық қасиеттері және тарихи контексте әрекет етуі талданады. Автор Тоқтыбаевтың күрделі тарихи кезеңдердегі мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттерін әлеуметтік, мәдени және саяси жағдайлармен байланыстыра отырып, оның әрекеттерінің мотивациясын анықтайды. Зерттеу нәтижесінде, Иса Тоқтыбаевтың тұлғалық типологиясы оның ұлттық мүдде мен қоғамдық жауапкершілікке деген сезімінің айқын көрінісі ретінде сипатталады. Мақала тұлғаның психологиялық аспектілерін тарихтағы әлеуметтік өзгерістермен байланыстыра отырып, тарихи тұлғалардың психологиялық типологиясының маңыздылығын көрсетеді. Бұл жұмыс тұлғаның қоғамдық-саяси қызметін тереңірек түсінуге, тұлғалардың психологиясын зерттеуге арналған жаңа көзқарас ұсынады.

Кілт сөздер: Тарих психологиясы, Алаш, саяси қуғын-сүргін, мүдделер қақтығысы, тұлға.

Азирбекова Аманкуль Жорабековна

Докторант 2 курса Международного казахско-турецкого университета

имени Ходжи Ахмеда Ясави.(г.Туркестан., Казахстан)

E-mail:doktor.amanda@mail.ru

ПСИХОЛОГИЯ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ: НА ПРИМЕРЕ ИСЫ ТОҚТЫБАЕВА

Резюме. В статье исследуется психология политических репрессий личности через жизнь и деятельность Исы Тоқтыбаева. Тоқтыбаев-историческая личность, внесшая вклад в развитие Туркестанской республики, признанная политическим и общественным деятелем. В статье анализируются психологические особенности Тоқтыбаева, его способность принимать решения, лидерские качества и действовать в историческом контексте. Автор определяет мотивацию действий Тоқтыбаева, связывая его поведение и черты личности в сложные исторические периоды с социальными, культурными и политическими условиями. В результате исследования типология личности Исы Тоқтыбаева описывается как явное проявление его чувств к национальным интересам и общественной ответственности. Статья подчеркивает важность психологической типологии исторических личностей, связывая психологические аспекты личности с социальными изменениями в истории. Данная работа предлагает новый подход к более

глубокому пониманию общественно-политической деятельности личности, изучению психологии личности.

Ключевые слова: Психология истории, Алаш, политические репрессии, конфликт интересов, личность.

Azirbekova Amankul Zhorabekovna

2nd year doctoral student at the International Kazakh-Turkish University named after

Khoja Ahmed Yasawi.(Turkestan, Kazakhstan)

E-mail:doktor.amanda@mail.ru

PSYCHOLOGY OF POLITICAL REPRESSION: ON THE EXAMPLE OF ISA TOKTYBAYEV

Summary. The article examines the psychology of political repression of a personality through the life and work of Isa Toktybayev. Toktybayev is a historical figure who contributed to the development of the Turkestan Republic, recognized as a political and public figure. The article analyzes Toktybayev's psychological characteristics, his ability to make decisions, leadership skills and act in a historical context. The author determines the motivation of Toktybayev's actions, linking his behavior and personality traits in difficult historical periods with social, cultural and political conditions. As a result of the research, Isa Toktybayev's personality typology is described as a clear manifestation of his feelings for national interests and social responsibility. The article emphasizes the importance of the psychological typology of historical figures, linking the psychological aspects of personality with social changes in history. This work offers a new approach to a deeper understanding of the socio-political activity of the individual, the study of personality psychology.

Keywords: Psychology of history, Alash, political repression, conflict of interests, personality.

Кіріспе.

Тарих – адамзаттың өткенін зерттеп, болашағын түсінуге мүмкіндік беретін ғылым. Әрбір тарихи кезеңде өз халқына қызмет еткен тұлғалар, олардың саяси шешімдері мен іс-әрекеттері қоғамның дамуына үлкен ықпал етеді. Тұлғалардың психологиялық типологиясы – тарих психологиясының маңызды аспектілерінің бірі. Бұл тұрғыда қазақтың Алаш қозғалысының қайраткері, ағартушы Иса Токтыбаевтың саяси портретін зерттеу ерекше маңызға ие.

Иса Токтыбаев – қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятып, тәуелсіздік үшін күресте белсенділік танытқан қайраткер. Оның саяси қызметі мен тұлғалық ерекшеліктері, әлеуметтік жағдайлары мен ішкі мотивациялары арқылы зерттелгенде, тек тарихи деректермен шектелмей, психологиялық факторлармен де байланыс орнатады.

Бұл ғылыми жұмыста Иса Токтыбаевтың психологиялық типологиясын зерттей отырып, оның тарихи контекстіндегі рөлі мен әсерін қарастырамыз. Тұлғаның рухани әлемі, саяси көзқарастары, әлеуметтік ортадағы ықпалы және адамгершілік құндылықтары оның саяси қызметінің негізі болып табылады. Тарихи тұлғалардың психологиясын түсіну арқылы, біз олардың әрекеттерін тереңірек бағалап, бүгінгі қоғам үшін сабақ ала аламыз. Зерттеу жұмысы арқылы тұлғаның және қоғамның психологиялық аспектілерін тереңірек түсініп, оларды тарихи контексте зерттеу арқылы тұлғатану мен тарих психологиясының байланысын анықтау.

Материалдар мен әдістер.

Мақала шеңберінде көтерілген мәселелерді зерттеу барысында тарихилық, объективтілік және жүйелік принциптері басты назарға алынды. Бұл принциптер өткен тарихи құбылыстарды және оның дамуы мен өзгеруін тарихи байланыста жан-жақты

қарастыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Иса Тоқтыбаевтың өмірі мен қызметін зерттеу барысында тұлғаның жетекшілік, басқарушылық қасиеттері, саяси көзқарастары, тұлғалық сипаттарын айқындайтын психологиялық талдау әдістері яғни тарихи тұлғаның психологиясын түсіну үшін олардың мінез-құлықтары, ішкі мотивациялары мен эмоцияларын зерттеу. Психоанализ және тұлғалық психология әдістері қолданылды. Нарративтік зерттеу әдісі арқылы тарихи оқиғаларды, мәдениет пен әлеуметтік жағдайларды ескере отырып, тұлғалардың шешімдерін және әрекеттерін түсіндіруге тырыстық. Бұл әдіс тарихи контекстті тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Салыстырмалы анализ әдісі бойынша бірнеше тарихи тұлғаларды немесе оқиғаларды салыстыра отырып, олардың психологиялық ерекшеліктері анықталды. Бұл әдіс арқылы тұлғалар арасындағы байланыстар мен айырмашылықтарды көрсетіледі. Когнитивті психология әдісі арқылы тарихи тұлғалардың шешім қабылдау процестері, олардың ойлау стильдері және ақпаратты қабылдау әдістері зерттелді. Тарихи контексте тұлғалардың әлеуметтік ортадағы рөлін, олардың қоғаммен байланысын және әлеуметтік әсерлерін зерттейтін-социологиялық әдістер қолданылды.

Зерттеу жұмысының деректік негізін архивтік құжаттар, музей қорларындағы деректер, ғылыми мақалалар және мерзімді басылымдар материалдары құрайды. Алаш қайраткері туралы тарихшы, ғалымдар Х.Тұрсұн[1], Т.Мәми[2], Б.Еңсепов[3] арнайы ғылыми мақалалар жарияласа, журналистер М.Исаев[4], Ә.Бөкірұлы[5], арнайы танымдық мақалалар жазған. Түркістан өлкесіндегі ұлт зиялыларының қызметіне қатысты монографиялық зерттеулерде И.Тоқтыбаевтың өмірі мен қызметі, шығармашылығы ішінара қарастырылған. Қайраткердің қоғамдық-саяси қызметі ғылыми тұрғыда терең зерттеуді, әділ бағасын беруді қажет етеді.

Талқылаулар

Ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған, жұртының амандығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ тарихының тұлғалары ұлт тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған. Сондай кезеңдердің бірі XX ғасырдың 20-30 жылдар аралығын айтамыз. Қазақ тарихында тұлғалар үшін XX ғасырдың тағдырлар қасіретіне айналған кезең екені мәлім.

Бүгінде Алаш тақырыбы біршама игерілді. Бірсыпыра тұлғалардың жазған еңбектері қайта жарыққа шықты. Осы мәселеге арналған зерттеу кітаптары жарияланды. Дегенмен, бұл тақырып әлде де болса тәуелсіздік талаптары тұрғысынан жан-жақты қарастыруды, әсіресе тарихи тұлғалардың психологиялық типологиясы қырынан зерттеуді талап етеді. Зерттеуде мемлекет және қоғам қайраткері Иса Тоқтыбаев тұлғасына психологиялық талдау жасалады.

1894 жылы 13 желтоқсанда бұрынғы Түркістан генерал губернаторлығы Сырдария облысының Перовск қаласы іргесіндегі Қараөзек бойында, қазіргі Қызылорда облысы Сырдария ауданының Қараөзек ауылында дүниеге келген, Алаш қайраткері Иса Тоқтыбаев өзі өмір сүрген заманда қоғамда болып жатқан күллі өзгерістерге, барлық жаңалықтарға саяси жетекші ретінде де, қоғам қайраткері ретінде де белсене ат салысып отырған. Тұлғаның психологиялық типі көбінесе көшбасшылық, аналитикалық ойлау, сонымен қатар, гуманизммен ерекшеленеді. Тұлғаның бұл қасиеттерін оның атқарған қызметтері арқылы айқын аңғаруға болады. Атап айтсақ, «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалынан алынған құжаттарда «Тоқтыбаев 1917-1922 жылдары аралығында Халық ағарту институтының директоры, Ташкент қаласында Түркістан АССР Халық Комиссариатының мүшесі, 1922-1924 жылдар аралығында Ақжол, Шолпан, Сәуле, коммунист газеттерінің және Шаншар журналының редакторы қызметтерін атқарса, 1924-1929 жылдар аралығында Қызылорда, Алматы қалаларында КазАССР Халық Комиссариатының мүшесі болған.[6].

Қызылорда облыстық өлкетану музейінің № 59 қорынан алынған құжатта: «Өзбек ССР Орталық мемлекеттік архивінің берген архивтік анықтамасында 1920 жылдың қаңтар айы мен 1928 жыл аралығында И.Тоқтыбаевтың келесідей қызметтер атқарғандығы туралы мәлімет берілген»:

- 1.Ағарту комиссариатының алқа мүшесі
- 2.Инструкторлық бөлімнің инструкторы
3. Мемлекеттік баспа алқасы төрағасының орынбасары
4. Көшпелі халық арасында білім беруді тарату жөніндегі комиссияның төрағасы
- 5.Қырғыз ғылыми комиссиясының төрағасы
- 6.Қырғыз педагогикалық институтының мұғалімі[7]. Бұдан Иса Тоқтыбаевтың осындай қоғамдық-саяси жұмыстарға қатысумен қатар, бар саналы ғұмырын білім беру мен ағартушылық саласына, халқына адал қызмет етуге арнағанын көруге болады.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдары яғни алмағайып уақытта Алаш қайраткерлерінің қоғамдық қызметінің бастауы-ағартушылық еді. Олар ұлт бірлігін, жер тұтастығын сақтап, халықты оқу-білімге шақырды. Ағартушылық қызмет арқылы халықтың ой санасын оятуды көздеді. Бұл туралы тарих ғылымдарының докторы, профессор М.Қойгелдінің «Тарихтың күші-деректе» атты сұхбатында былай дейді: «Алаштың реформаторлық қызметі, ең алдымен, ағартушылық саласында көрініп, тамаша нәтиже берді. Бар болғаны 20 жылға жетер жетпес уақытта қолында не билігі, қалтасында не қаржысы жоқ, қорғансыздың күйін кешіп саяси бақылауда жүрген тұлғалар ұлтты оятқан кітап, газет-журнал шығарып, баспа ашты, қазақ тілін әдебиет және ғылым тілі дәрежесіне көтерді, оқу бағдарламалары мен оқулықтар даярлады, соңынан ерген жас буынға замануи нақты білім алуға көмектесті. Сол кезеңде атқарылған осы ауқымды істің негізгі элементтері ұлтқа әлі де қызмет істеп келеді» [8].

Осы тұста А.Байтұрсынұлының «Қазақ тілінің грамматикасы», М.Дулатұлының «Әліппе», «1 сатылы мектепке арналған тапсырмалар, Ә.Диваевтың «7 дастан қолжазбасы», Х.Досмұхамедовтың «Анатомия мен физиология» және Иса Тоқтыбаевтың «Жағрафия» атты оқулықтары жарық көрген еді.

Иса Тоқтыбаевтың өзі 1957 жылғы 28 ноябрьде жазып қалдырып кеткен өмір жолы жөніндегі жазбаларында Перовскінің қарт мұғалімі, белгілі педагог, ұлы орыс халқының өкілі Н.Ф.Щипков жайлы мынадай сөздер бар: «Менің жастық шағым Перовск қаласындағы Рафаил деген бұхаралық саудагердің есігінде жалшылық күнкөріспен өтті. 1904 жылы он жасымда орыс-қазақ мектебіне барып, оның жанындағы интернатқа қабылдандым. Оны 1908 жылы бітіріп шықтым. Сонан кейін жоғары бастауыш орыс училищесіне оқуға түстім. Оны 1912 жылы тәмамдадым. Сол жылы Ташкент қаласындағы төрт кластық мұғалімдер семинариясына қабылданып оны 1917 жылы бітіріп шығып, бірден жұмысшы, солдат және шаруа мұсылман депутаттары Ташкент уездік советіне секретарь болып сайландым. Менің ата-анам, туған-туысқандарым кедейлік жағдайда өмір сүрді, оларды оқытуға күн-қаражаты болмады. Сол себепті ешқандай жәрдем ала алғаным жоқ. Қайта олар менің жалшы болып, мардымсыз болса да тапқанымды жөн көрді. Менің білім алуым ерлі-зайыпты мұғалімдер Щипковтардың қалтықсыз көмегімен жүзеге асып жатты. Олардың тарапынан қамқорлық болмаған күнде Иса Тоқтыбаев білім шаңырағына көтерілмес еді, сауатты адамдар санатына қосылмас еді. Бар білері мал бағу, егін егу, қара шаруа болу дәрежесінен аса алмай, ауылдағы қарапайым еңбеккердің бірі болып қалар еді. Әрине, мен бұл жерде малшы мен егіншінің рөлін төмендетіп отырғаным жоқ. Материалдық игіліктер жасау ел-жұрттың, бала-шағаның қарны тоқ болуын олардың еңбегінсіз мүмкін емес. Бірақ тұрмысты өзгертетін, жаңа дәуірдің есігін айқара ашатын кілт біреу-ақ: ол – білім. Білімсіз болсаң – табиғаттың дүлей күші алдында құлсың, адамзат тарихы алдында тұлсың» [4:9]

Әрбір адамның болашағы балалық және жастық шағындағы көргендері мен алған әсеріне тікелей байланысты. «Адам мен адамның бір бірімен араласу өзара қарым

қатынасында ғана адамның адамдығы өзі үшін де өзгелер үшін де ашылады», - дейді философ М.М.Бахтин. Оның пікірінше, тұлғаның белсенділігін дамытып отыруға ұмтылуы, өзгелерден бөлек жағдайда емес, өзге адамдармен диалогтық қатынастарға түсу кезінде жүзеге асырылады[9].

Бұл жерде автордың жазбасына қарай отырып, оның ерлі-зайыпты мұғалімдер Щипковтарға деген өмірінің соңына дейін адалдық пен достық, құрмет қатынасын аңғаруға болады.

Иса Тоқтыбаевтың саяси-психологиялық портреті оның жетекшілік, басқарушылық қасиеттері, саяси көзқарастары мен тұлғалық сипаттарына негізделеді. Оның саяси белсенділігі мен қоғамдық қызметі еліміздің әлеуметтік және экономикалық мәселелеріне бағытталған. Мысалы: Исаның революциялық көзқарасының қалыптасуына 1917 жылы Ташкент қаласында достық байланыста болған П.А.Кобозевтің зор ықпалы болды. 1905-1907 жылдары бірінші орыс революциясына қатысқаны үшін Орынбор даласына жер аударылған Кобозев Ташкентке келген бойда қала революционерлерімен Иса сияқты идеялық сана-сезімі жоғары, ой-өрісі кең жастармен танысып, олардың революциялық іс қимылдарын бір арнаға бағыттауға күш салды.

П.А.Кобозевтің пікірінен жалындап тұрған жас Исаның халықтың мүддесін қорғап, елдің болашағы үшін күресе алатын, бойында лидерлік қасиеттер, стратегиялық көзқарасы бар тұлға ретінде баға бергендігін байқауға болады.

Иса Тоқтыбаевтың психологиялық типі көбінесе ұйымдастырушылық, басқарушылық қабілетімен, аналитикалық ойлау, сонымен қатар, гуманизммен ерекшеленеді. Оның қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрлерін сақтау, сауатсыздықпен күрес, жастарды білімге баулу, жастардың тәрбиесі – осы бағыттағы жұмыстар оған жақын еді. Ол басшылық еткен оқу-ағарту институты, көшпенді халыққа білім тарату, елдегі сауатсыздық жою ісімен айналысты. Республика территориясында сауатсыздықты жаппай жою жұмысына кең өріс ашылды. 1922 жылы Иса Тоқтыбаевтың жастарды кітапты сүйеге шақырған «Газет оқы, кітап оқы» деген атпен жеке кітапшасы жарық көрді. Ол басқарған республикалық комиссия жер-жерде ашылған мектеп-интернаттарға қазақ жастарын, әсіресе кедей балаларын тартуға кірісті. Бір ғана Перовск уезінен 200-ге тарта бала оқуға тартылды. Қазалы станциясында көптеген жетім-жесір балаларды тауып оларды Перовск қаласындағы орыс-қазақ мектебіне, сондағы баяғы өз ұстазы Николай Щипковқа әкеліп тапсырды. Бұдан Алаш қайраткерінің өзінің шығармашылық еңбегі, жастарды білімге тарту ісі арқылы халықтың тарихи зердесіне барлау жасай отырып, оның ұлттық сана-сезімін ояту, жігерін қайрау, білімге деген құлшынысын арттыру жолында аянбай тер төккендігін аңғаруға болады.

Бұл жерде тұлғаның психологиялық портреті әлеуметтік, мәдени және саяси контексте қалыптасқан мінез-құлықтары мен ерекшеліктеріне негізделген. Оның психологиялық аспектілерін қарастырар болсақ, мынадай негізгі сипаттарды атап өтуге болады: Білімге ұмтылушылық және интеллектуализм яғни зиялылар арасында білімге, ғылым мен мәдениетке деген үлкен қызығушылығы, оларды қазақ жастарының білім мен ағартушылық дамуына, үлес қосуға тырысты.

Психологиялық типі – өз халқына қызмет етуді мақсат еткен, даналық пен жауапкершілікке ие, ұлт мәселесін алдыңғы орынға қойып, мемлекеттік және саяси қызметте белсенділік танытып, қазақ ұлтының мүддесін қорғаған Иса Тоқтыбаев, Ташкентте Қазақ ғылыми комиссиясын басқарды, «қырғыз-қазақ мәдениетін өркендетуді мақсат еткен» ғылыми ағартушылық «Талап» қоғамын құрды. Оның «Жағрафия» атты оқулығы, «Түркістанның географиялық очеркі» сияқты еңбектері көп тиражбен жарық көрді. Түркістан орталық билігінің қазақ тіліндегі баспасөз органы «Ақ жол» газетінің, «Шолпан» басқа да газет-журналдардың редакторы болып қызмет істеді. Міне, осы тұстан бастап ол «Балықшы» деген бүркеншек атпен саяси-әлеуметтік мәселелерді кең қозғап, қарымды қаламгер, кәнігі көсемсөзші ретінде таныла бастайды[10].

Тұлғаның басқарушылық қасиеттері мен саяси көзқарастарын оның жазған мақалалары мен еңбектерінен айқын көруге болады. Қоғамның түрлі топтарымен тиімді байланыс орната білуі, қайраткердің тыңдағыштығы мен коммуникативтік дағдылары халықтың сенімін арттыра алды.

Айталық, «Орта Азия бірлігі» мақаласында ол: «Орта Азия бірлігі құрылғанда ескеретін ісі – ұлт мәселесі. Орта Азияда тұратын нашар ұлттардың жұртшылығын сақтап қалу.

«Екі ауыз сөздің бірі ұлт мәселесі, екі рет түртілген қаламның бірі ұлт мәселесі, ұлт мәселесі жұрттың жүрегіне тиген жоқ па? Ұлт мәселесі туралы сөз бітіп, әңгіме ашылған жоқ па?» деушілер де көп шығар. Ұлт мәселесі туралы сөз көбейе бермек», -деп ұлт мәселесін ескерусіз тастаудың ерге сын, елге сор боларын ашына жеткізіп, ұлтынан жерінгендер мен орысшылдықтың сойылын сүйреткендерді сын садағына іледі»[11].

Журналист Мырқы Исаевтың «Революция сарбаздары. Иса Тоқтыбаев»[4:38] атты еңбекте тұлғаның Алаш қайраткерлері С.Қожанов, Т.Рысқұлов, Н.Төрекұловтармен бірге Түркістан республикасының жаңа облыс атауы мен облыс орталығын шешу мәселесіне қатысып, оның жершілдікке салынбай, саяси мәселеге негізделген деректер мен фактілерге сүйене отырып, жан-жақты әрі тереңнен мән беруі, бар саналы ғұмырын ел, халық мүддесі үшін аянбай еңбек еткендігін аңғаруға болады.

Мемлекет және қоғам қайраткері Иса Тоқтыбаевтың негізгі мақсаттарының бірі де қазақ халқының мүддесіне сай қызмет ету еді, осындай келелі істерінің бірі С.Қожановпен бірге республика астанасын Қызылорда қаласы етіп белгілеу болды. Бұл жөнінде журналист Мырқы Исаевтың «Иса Тоқтыбаев»[4:60] атты еңбегінде мәліметтер келтірілген.

Әрине, бұл істің жүзеге асырылуына бірқатар алаш қайраткерлері әсіресе Сұлтанбек Қожановтың үлесі ерекше болды. Орталықты Ақмешітке көшіру жөніндегі шешімі қазақ елінің ұлттық-территориялық мүдделерін ескере отырып қабылданды. Бұл шара Қазақстанның орталықтандырылған мемлекеттік құрылымын нығайтуға, ұлттық бірлікті арттыруға және ұлттық мәдениетті дамытуға мүмкіндік берді.

Бұл жерде тұлғаның ұлт тағдырына бейжай қарамауы, ұлттық мүддені қорғауға, қазақ халқының құқықтарын талап етуге күш салып, қоғамдағы мәселелерді шешуге ұмтылуын байқауға болады.

Осы тұста ел орталығын Орынбордан Қызылордаға көшіру туралы және қаланың астана етіп таңдауына тікелей себепші болған, мемлекет және қоғам қайраткері Сұлтанбек Қожановтың мына пікірін айтпасқа болмас: «Қазақтың астанасы орыстың туы тігілген қалада емес, қазақтың киіз ауылында болса да, қазақ ұлты жұртшылығына жуық болуы керек! Қазақ ұлт мемлекетшілігіне әдемі қала, ыңғайлы үйлер керек емес, жаман да болса өз ордасы болуы керек. Орынбордан көшпей, қазақ ұлтының ішкі тіршілігі оңдалып, қазақ еңбекшілерінің көпшілігінің қамына керекті шаралар іс жүзінде істелуі қиын»[1].

Сұлтанбек Қожановтың бұл пікірін психологиялық тұрғыдан талдаған кезде, оның ұлттық сана-сезімі мен ұлтшылдық, тәуелсіздікке деген ұмтылысы көрінеді. Бұл көзқарас оның қазақ халқының болашағына, мемлекеттілік идеясына және ұлттың рухани-мәдени дамуына қатысты терең ойланып, шешім қабылдағанын көрсетеді. Яғни ұлттық болмысты сақтау, тарихи негіздерді құрметтеу, ұлттық өзіндік ерекшеліктерді дамытуға деген психологиялық бағдарын көруге болады.

Жоғарыда келтірілген деректер негізінде, тұлғаның психологиялық анализінің бір аспектісі - саяси және әлеуметтік контекст деуге болады. Яғни, Иса Тоқтыбаевтың өмір сүрген кезеңіндегі қоғамдық-саяси жүйе, әлеуметтік жағдайлар, тұлғаның шешімдеріне және әрекеттеріне айтарлықтай әсер еткенін аңғаруға болады.

Белгілі бір тарихи оқиғалар адамды психологиялық тұрғыдан бейімделуге, ішкі қиындықтарды жеңуге мәжбүр етеді. Бұл жерде қорғаныс механизмдері, яғни адамның өз психикасын қорғау үшін қабылдайтын бейсаналық стратегиялары маңызды рөл атқарады.

Сыр өңірінің өлкетанушысы, археолог-ғалым Тәңірберген Мәмиге Иса Токтыбаевтың ұлы Марлен әкесі жайында мынадай естелік айтқан екен: «қайраткер Иса Токтыбаевтың телефоннан В.И.Лениннің кенеттен қайтыс болғандығы туралы хабарды естіп, оның ешқандай жауап қатпай, үнсіз қалуы, кейін баласы әкесінен телефоннан қандай хабар естідіңіз деген сұраққа, баласын жуынатын бөлмеге (ванна) апарып, суды ағызып қойып В.И.Леннің өлімі туралы хабар екендігін айтқан» деген мәліметтер береді[12].

Бұл жерде Кеңес мемлекетінің негізін қалаушы, идеолог әрі жетекші тұлға, оның өлімі саяси жүйенің күйреуі мен үлкен әлеуметтік өзгерістердің басталуы ретінде қабылданды. Иса Токтыбаевтың эмоционалды реакциясының белгісі оның үнсіздігі болуы мүмкін. Бұл жерде Токтыбаевтың ұстамдығы мен эмоциялық бақылауы оның өз-өзіне деген сенімділігін көрсетеді. Ал хабарды баласына суды ағызып барып айту әрекеті, әлеуметтік және саяси жүйенің қатаңдығы мен құпия сақтаудың маңызды ролін көре аламыз. Кеңес дәуіріндегі қоғамда ақпараттың таралуы мен жариялылығы қатаң бақылауда болды, ал жаңалықтар мен оқиғалар көбінесе жоғарыдан келетін нұсқаулар бойынша ғана тарайтын. Әсіресе, Лениннің өлімі сияқты маңызды саяси оқиға туралы ақпараттың тарап кетуі өте қауіпті болуы мүмкін еді. Мұндай жағдайларда мемлекет жеке адамдардың арасында тіпті ең қарапайым әңгімелерді бақылап, құпияны сақтау маңызды болды. Бұл өз кезегінде биліктің толық бақылауын көрсетеді: адам не айтса да, қалай айтса да, ол ақпараттың сақталуы міндетті болды.

Осылайша, мұндай тарихи оқиғалар тұлғаның психологиясына терең әсер етеді, себебі олар адамның дүниетанымына, әлеуметтік қарым-қатынастарына және ішкі күйіне ықпал етіп, үлкен өзгерістерге алып келеді. Бұл өзгерістер адамдардың эмоциялық реакцияларынан бастап, олардың құндылықтар жүйесіне, мінез-құлықтарына дейінгі көптеген аспектілерді қамтиды.

1933-54 жылдар аралығында Иса Токтыбаев үздіксіз қудалауда жүргендігі тарихтан белгілі. Ол Ф.И.Голощекин ұстанымдарына ашық қарсылық көрсеткен. Оны тұтқындау туралы ОГПУ орындарына тапсырыс берген Голощекин болатын. Республикада қате жүргізілген саясаттың кесірінен аштыққа ұшыратқан өз кінәсін оппозициялық күштерге аударып салуды көздеді. Көп ұзамай Қазақстандағы ОГПУ органдары Ф.И.Голощекиннің тікелей тапсырмасымен И.Токтыбаевқа қарсы «Джайлас» деген жалған атпен шұғыл жасанды материалдар жинақтай бастайды[5]. Ол бойынша И.Токтыбаев 1930-1933 жылдары Қазақстанда тармақтанған ұлтшыл-контреволюциялық ұйым жұмыс істеген. «Тюркская народная партия» деген бір бөлігін Мұстанбаев, Мәскеудегі қазақ студент жастар тобын Тоғжанов пен Есқараев, шетелдегі «Независимое Туркестанское государство» деп аталатын антикеңестік ұйымды Бірімжанов пен Шоқай басқарған сияқты. Ал, Орынборда Қаржаубаев, Ленинградта Иса Токтыбаев жетекшілік еткен ұлтшыл бағытындағы орталықтар жасырын жұмыс жасаған сияқты. Сондай-ақ, Иса Токтыбаевтың тікелей өзіне «басқа көрші елдерге ауа көшкен қазақтардың көшін ұйымдастырдың» деген айып тағылды. Осы айыпқа Иса Токтыбаевтың жауабы келесідей еді: «Мен алғаш рет 1933 жылы Ленинград қаласында қамауға алындым. Маған негізінен қазақтардың Қазақстаннан қоныс аударуын ұйымдастыру туралы айып тағылды. Бұл мүмкін емес және ол ойдан шығарылған еді. Мен бірнеше жыл бойы Ленинградтан тыс ешқайда шықпай сонда тұрдым. Ал халықтың қоныс аударуы Қазақстанда жүріп жатты. Бұл қалай болғаны? Мен Ленинградта өмір сүріп, Қазақстандағы қазақтардың қоныс аударуын ұйымдастыруым мүмкін емес, бұл ойдан шығарылған». Яғни, Токтыбаев өзіне тағылған айыптың ешқандай айқын дәлелі жоғын жазады[13].

Берілген жауаптан тұлғаның психологиялық портретінің келесі бір аспектісі-тарихи контекст яғни саяси қысым мен репрессия. 1931-33 жылдардағы Голощекин өз қателігінен болған аштықтың себебін қазақ зиялыларына жабуды көздейді. Осылайша, Иса Токтыбаев саяси қысымға ұшырайды, нәтижесінде психологиялық қысым орын алады. Тарихи кезеңдердегі зорлық-зомбылық немесе апаттар адам психологиясында терең із қалдырады,

бұл психологиялық қысымның ұрпақтан-ұрпаққа берілуіне себеп болуы мүмкін. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтары "халық жауы" немесе "репрессияға ұшыраған" ретінде танылып, қоғамда stigma-ға тап болды. Олар көп жағдайда жұмысқа орналастыру, білім алу, кәсіби даму секілді мүмкіндіктерден шектелді. Иса Тоқтыбаев ұрпақтары да осындай қысымға ұшырағандығы тарихи деректерден, ұрпақтарының естеліктерінен белгілі.

Қызылорда облыстық өлкетану музейі қорында Иса Тоқтыбаевтың өмір жолы мен қызметі, қуғынға ұшырап бас бостандығынан айырылуы, тұлғаның ақталғандығы жөнінде Ресей, Өзбекстан архивтерінен алынған фото, құжат көшірмелері сақталған. Құжаттарды саралай отырып, өткен ғасырдың 70 жылдары Қызылорда қаласында жарыққа шығып тұрған Ленин жолы газетінің редакторы М.Исаевтың Иса Тоқытбаевтың өміріне қатысты деректерді іздестіру барысында, Ресей архивтеріне, Толмачев атындағы әскери-саяси академияға жолдаған хаттарына қайтарылған жауаптарды кезіктіруге болады. Құжаттардың бірінде 1932 жылы Тоқтыбаевтың әскери-саяси академияның тарих кафедрасында оқытушы болғандығы жөнінде деректер берілген[7].

Аталмыш жоғары оқу орнының кафедра меңгерушісі Котович Тоқтыбаев туралы: «Жолдас Тоқтыбаев барлық тапсырмаларды адал ниетімен орындады. Тоқтыбаев жас оқытушы бола тұра, партия тарихының оқытушысы ретінде үлкен білім қорын көрсетіп, партиялық көзқарасқа ие болды»[14] деген сипаттама берген. Сипаттама бойынша, Тоқтыбаев өзінің кәсіби қызметінде жоғары моральдық жауапкершілік танытып, партия тарихын дәріптеу мен оны болашақ ұрпаққа жеткізуге ерекше назар аударғаны көрінеді. Ол жас оқытушы бола отырып, білімінің тереңдігімен әрі партиялық көзқарастарының мықтылығымен ерекшеленген. Бұл оның тек пәнді жақсы білумен шектелмей, сондай-ақ қоғамның саяси және идеологиялық қадамдарын дұрыс түсініп, сол арқылы өзінің білімін студенттерге жеткізгенін көрсетеді.

Архив құжаттардың бірінде: «ОК жауапты хатшысы Н.Төреқұловтың Тоқтыбаевқа қатысты мінездемесі кездеседі: Жолдас Тоқтыбаев әкімшілік және ұйымдастырушылық қабілеті бар жігерлі және берік кеңес қызметкері. Негізінен мәдени-ағарту жұмыстары саласында жұмыс істеді» [15]-, деген мәліметтер берілген. Мұнда И.Тоқтыбаевтың кәсіби қасиеттерін анықтап, тұлғаның қызметіне баға берумен қатар оның басқарушылық, ұйымдастырушылық, мәдениет пен білім беру саласындағы қызметін жоғары бағалағанын көрсетеді. Н.Төреқұлов оның мінезін «жігерлі» және «берік» деп сипаттайды. Бұл Тоқтыбаевтың жеке тұлғасының моральдық және психологиялық күшін көрсетеді. Оның іс-қимылдары, ең алдымен, сенімділік, табандылық, және берік ұстанымдармен сипатталады. Мұндай қасиеттер кеңес қызметкеріне тән болуы керек еді, себебі бұл қоғамның дамуында күрделі шешімдер мен бағыттар қабылдауға қажеттілік туды.

Қазрайком хатшысы Құрамысов қайраткердің қызметі туралы мынадай мінездеме берген: «Жолдас И.Тоқтыбаев 1919 жылдан БКП(б) мүшесі, партия қатарында жүріп, келесідей қызметтер атқарды: бірнеше газет-журналдың редакторы, баспасөз бөлімінің меңгерушісі, Халық Ағарту институтының ректоры. Барлық партиялық тапсырмаларға ұқыпты және адал қарады. 5 жыл мұғалім қызметін атқарды. Соңғы уақытта Наркомпроста басшылық жұмыс жүргізді» [16]. Құрамысовтың бұл мінездемесі арқылы оның партияға берілгендігін және алғашқы күндерінен бастап кеңестік жүйеде қызмет ететін саяси тұлға болғанын көрсетеді. Партияның қатарында жүріп көптеген жауапты қызметтерді атқарғанын да білдіреді. Бірнеше газет-журналдың редакторы, баспасөз бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етуі, оның ақпараттық саясатты басқару және бұқаралық ақпарат құралдарын ұйымдастырудағы тәжірибесін көрсетеді. Сонымен қатар, Халық Ағарту институтының ректоры болғаны да оның білім беру саласындағы басқару қабілеттерін, сондай-ақ ғылым мен білімді дамытуға бағытталған жұмыстарына назар аударады. Құрамысов оның партиялық тапсырмаларды ұқыптылықпен және адалдықпен орындағанын атап өткен. Бұл оның жұмысқа деген жауапкершілікпен және партиялық

міндеттерді орындауға деген адал көзқарасын білдіреді. Мұндай қасиеттер ұйымдағы сенімділікті және беделді арттыруға көмектеседі. Яғни, Иса Тоқтыбаевтың мінездемесі оның саяси көзқарасын, кәсіби құзыреттілігін және адал еңбекқорлығын көрсетеді. Ол көптеген салаларда басшылық қызметте бола отырып, өз міндеттерін орындауға жауапкершілікпен қарайтын және әрқашан партиялық тапсырмаларды адал орындауға тырысқан тұлға болғандығын айғақтайды.

Иса Тоқтыбаевтың 1933-1957 жылдар аралығында тұтқында болып, тергеу барысында қандай қиындықтар, моральдық қысым жасағандары, кінәсі болмаса да тағылған айыпты мойындау үшін түрлі айла-шараларын жасағандығы жөнінде 1958 жылы жазып қалдырған естеліктері “Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві” КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы архиві филиалында сақтаулы. Соның бірінде, кезекті жауап алу бырысын былайша жеткізеді: «Тергеушілер Иванов пен Агидуллин маған былай деді: «Егер сіз біздің үйге кірсеңіз, біз сізді осы жерден босатпаймыз. Бізге өзіміз қалағандай әрекет ету құқығы берілген және ол үшін бізде-ОСО бар, ал сізге қажет материалдарды табамыз. Менен жауап алу барысында тергеуші Иванов қолындағы тапаншаны маған қаратып тұрып, оны тазалап тұрған кейіп танытып тұратын. Ал Агидуллин болса, әзір қажеті жоқ, ол әлі жас, балалары бар деп, егер мен хаттамаға қол қоймасам, қолындағы қарумен өлтіріп, өмір сүруіңді осылайша тоқтатамыз» деген сыңай танытты[17]. Бұл жағдайда тергеушілердің Тоқтыбаевқа қандай психологиялық және физикалық қысым жасағандығын аңғаруға болады. Ивановтың тапаншаны тазалап тұрып, оны Тоқтыбаевқа қаратуы — бұл нақты физикалық қауіп төндірудің көрінісі, ол адамды қорқытып, эмоциялық тұрғыда дестабилизациялауға(тұрақсыздық) тырысады. Мұндай әдіс тергеу кезінде жазықсыз адамдардың психологиялық тұрғыда әлсіреуіне, қорқынышқа және өздеріне қарсы қойылатын айыптарға қатысты шынайы жауап беруге ықпал етеді. Тергеушілердің «біз сізді осы жерден босатпаймыз» және «бізде-ОСО бар» деген сөздері құқықсыздықты, биліктің асыра пайдаланылуын және Тоқтыбаевқа қатысты күштеп әрекет ету құқығының бар екенін білдіреді. Бұл үкіметтің күштік құрылымдарының азаматтардың құқықтарына немқұрайлы қарағанын көрсетеді. Осылайша, тергеушілердің билік позициясынан «өзіміз қалағандай әрекет ету құқығы» бар екенін айтып, моральдық шекараларды бұзғаны көрінеді. Агидуллиннің «әзір қажеті жоқ, ол әлі жас, балалары бар» деген сөзі — Тоқтыбаевтың жеке өміріне қатысты қысым жасау әрекеті. Бұл сөздер оның отбасының қауіпсіздігіне қатысты алаңдаушылық тудыруға бағытталған. Тергеушілер оның отбасына зиян келтіруді ашық түрде көрсетіп отыр. Бұл психологиялық тұрғыдан өте қатты әсер етеді, себебі адам өз отбасын қорғау үшін не болмаса тергеушілердің талаптарына амалсыздан бағынуға мәжбүр болады. Отбасын қорғау инстинкті әрбір адамда бар. Осы қысым арқылы тергеушілер Тоқтыбаевты моральдық тұрғыдан әлсіретіп, оны тергеу барысында қалаған мәліметтерін алу үшін пайдалануға тырысады.

Мұндай әдістер кеңес кезіндегі тергеу практикасында жиі қолданылды. Психологиялық тұрғыдан алғанда, бұл қысым Тоқтыбаевты қорқыту, өз пікірін өзгертуге немесе жалған мәлімет беруіне мәжбүр ету мақсатында бағытталған.

1939 жылы Тоқтыбаев қайта тұтқындалғанын былайша еске алады: «Менің ісім бойынша Борисенко (аты-жөні толық есімде жоқ) ескі әдістерді яғни ұрып-соғу, физикалық күш көрсету, моральдық қысым жасау тәсілдерін қолдану арқылы жауап алды. Түнгі 12.00 де ол мені төмендегі бір бөлмеге әкеліп, маған ол бөлмені «ажал бөлмесі» деді. Бөлменің едені қанға толы (ненің қаны екені білмедім) қабырғаларда адамның қанға боялған саусақ іздері болды. Борисенко осыларды маған көрсетіп: «Міне сенің масқарашылықпен жойылатын жерің» деді. Бұл маған қатты әсер етті. Осындай ықпал ету әдістерін қолдану нәтижесінде тергеуші мені жалған жауап алу хаттамаларына қол қоюға мәжбүр етті және ОСО шешімімен мені 8 жылға бас бостандығынан айырды[18].

Тоқтыбаевтың естелігі тергеу кезінде қолданылған әдістердің адам психологиясына және оның моральдық болмысына әсерін терең көрсетеді. Оның баяндауы тергеу

процесінің қаталдығын, адамдардың жеке тұлғасына жасалған моральдық қысым мен физикалық зорлықты ашып береді. Естелікте келтірілген жағдайлар бір жағынан адамгершілікке қайшы, екінші жағынан саясат пен идеологияның қалай тергеу әдістеріне әсер еткенін көрсетеді. Тоқтыбаевтың "ажал бөлмесі" деп аталатын бөлмеге апарылғанын айтқан тұсы – психологиялық қысымның күшін көрсетеді. «Ажалдың бейнесі» арқылы тергеуші Тоқтыбаевты өліммен қорқытады, оның өміріне қауіп төнетінін, оның болашағы жоқ екенін сезіндіреді. Бұл – адамның ішкі қорқынышын оятатын және оған психологиялық жағынан ауыртпалық түсіретін әдіс. Қанға толы еден мен қабырғалардағы саусақ іздері де тергеушінің психологиялық қысым көрсеткен әдістерінің бір бөлігі болып табылады. Мұның бәрі – адамдарды қорқыту және олардың психикалық күйін бұзу мақсатында жасалған символдық әрекеттер. Қан мен іздер бейнесі – адамның өмірінің құндылығын төмендетуге бағытталған элементтер, оларды көрген адамды психологиялық тұрғыдан әлсірету үшін қолданылған.

Тоқтыбаевтың өз естелігінде тергеуші оның мәжбүрлеген жалған жауаптарға қол қоюын сипаттайды. Бұл оның психологиялық күйінің қайғылы шындығын білдіреді – адамды өз шындықтарын айтуға емес, тергеушінің мақсаттарына сәйкес әрекет етуге мәжбүрлейтін жағдайға жеткізу. Бұл жерде адамның ішкі құндылықтары мен сенімдеріне ауыр соққы жасалып, оны жүйелі түрде жалған ақпарат беруге мәжбүрлеу арқылы тергеу процесінің жеңіп шығуға тырысуы көрінеді.

Алаш қайраткерінің естелігі – оның жеке басының ғана емес, бүкіл бір тарихи кезеңнің психологиялық ауыртпалықтарын көрсететін айқын мысал. Қолданылған тергеу әдістері, қорқыту мен манипуляцияның кеңінен қолданылуы, сондай-ақ моральдық және психологиялық қысымның әсері оның жеке тұлғасының күйреуіне себеп болды. Бұл жағдайлар тарихи тұрғыдан маңызды, себебі олар тоталитарлық жүйелердің өз азаматтарына жасаған психологиялық қысымын, олардың рухани және психикалық жағдайына қалай әсер еткенін түсінуге мүмкіндік береді. Сталиндік репрессия кезеңіндегі билік саяси қарсыластарынан қатты қауіптеніп, оларды жою үшін психологиялық қысым жасау және тергеулерде адамгершілікке жатпайтын әдістерді қолдану әдетке айналғанын аңғауға болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Иса Тоқтыбаевтың психологиялық сипаттары, оның жетекшілік, басқарушылық қабілеттері, стратегиялық ойлау мен ұлттық мүдде үшін күреске деген ынтасы, оны өз заманының белсенді саяси фигурасына айналдырды. Тарихи контексте оның шешімдері мен әрекеттері, қоғамдағы өзгерістерге деген жауапкершілігі мен көзқарастары арқылы тұлғаның тарихи дамуындағы маңызды факторларды көрсетуге мүмкіндік берді. Тұлғалардың психологиялық типологиясын зерттеу арқылы, болашақта ұлттық тарихты, мәдениетті және әлеуметтік динамиканы тереңірек түсінуге жол ашылады. Тоқтыбаевтың мысалы тарихтағы жеке тұлғаның әсері мен рөлін зерттеу үшін үлгі болып табылады, сондай-ақ ұлттық бірлік пен қоғамның дамуындағы тұлғалардың маңыздылығын дәлелдейді.

Мақалада Иса Тоқтыбаевтың тарихи рөлі мен тұлғалық психологиясы терең талданып, қайраткердің өмірі мен қызметі арқылы қазақ тарихындағы тұлғалардың психологиялық типологиясының ерекшеліктері кеңінен зерттелді.

Президент Қ.К.Тоқаев «Тарихи тұлға тағылымы» атты мақаласында: «Тарих жолы тақтайдай тегіс, түзу бола бермейді. Бұрылысы мен қалтарысы жиі кездесетін дәуірдің сыншысы да көп. Ал нақты әрі батыл іс-әрекетке бара алатын адамдар сирек. Мұндай тұлғалар тарихты түзеді, жаңа заманды алға жетелейді», -деп атап көрсеткен болатын. Кез-келген қоғамның қалыптасуы мен дамуы барысында тұлғаның орны мен рөлі қашанда маңызды. Халқымызда «Өткенді білмей, келешекті болжау мүмкін емес» деген сөзі бар. Сондықтан Иса Тоқтыбаевтай қайраткердің әр туындысы, жасаған ісі патриоттық сезім,

күрескерлік рухқа толы қаламгердің шығармашылықтарын, қазақтың қамы мен қасіретін арқалаған тұлғаның өмір жолы мен қызметін, игі істерін бүгінгі жас ұрпаққа таныту баршамыздың парызымыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

- 1.Тұрсұн Х. Алаш һәм Түркістан. Алматы: «Ел-шежіре 2013.- 382 б.
2. Мәми Т. «Коммунистердің тамұғынан оралған». // Қазақстан мұрағаттары №1 (25) 2013.
3. Еңсепов Б.Б. Мың тамұқты көрген адам. 29.09.2016. <https://e-history.kz/kz/news/show/195>
4. Исаев М. Революция сарбаздары. И.Тоқтыбаев. Алматы: «Қазақстан» 1991.-191 б.
5. Бәкірұлы Ә. «Джайлас» операциясы немесе Иса Тоқтыбаевты жазалау жайлы. // Егемен Қазақстан 1997 жыл, 25 шілде
6. «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы. 268-қор, 1Л-тізім, 12036-іс, 31-п.
- 7.Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі. 59-қор, 6-кітап, акт-10, 34-37 бб.
8. Қойгелді М. Тарихтың күші-деректе. «Egemen Qazaqstan» 15 ақпан, 2024ж
9. Манагатов С., Игисина Н.Б Жеке тұлғаны қалыптастыруда білімнің рөлі. <https://infolesson.kz/zheke-tlani-alipastiruda-bilimni-rli-2739814.html>
10. Тұрсұн Х. Иса Тоқтыбаев – қазақ зиялыларын қуғындаудың екінші толқынының құрбаны. Тұлға және ұлттық тарих мәселелері республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы. Алматы, 2019.-57-62 б.
11. Қасымхан Ғ., Үсіпов А., Тоқтыбаев тартқан тауқымет // Қазақстан жолы 2022ж, 22 июль. Qazaqstan joly <https://qazaqjoly.kz/toktybaev-tartkan-taukymet/>
- 12.Профессор Х.Тұрсұн естелігінен.
13. «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы 268-қор, 1Л-тізім, 12036-іс, 1-п.
14. «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы. 268-қор, 1Л-тізім, 12036-іс, 66-п.
15. «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы. 268-қор, 1Л-тізім, 12036-іс, 2-п.
- 16.«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы. 268-қор, 1Л-тізім, 12036-іс, 56-п.
17. «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы. 268-қор, 1Л-тізім, 12036-іс, 1-2 пп.
18. «Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-нің қоғамдық-саяси тарихы бойынша филиалы. 268-қор, 1Л-тізім, 12036-іс, 4-5 пп.

REFERENCES

- 1.Tursun, H. (2013). Alash һәм Türkistan. Almaty: "El-shezhire", 382 p.
- 2.Mami, T. (2013). "Kommunisterdin tamughynan oralgan". Qazaqstan Muragattary, 1(25).
- 3.Ensepov, B. B. (2016, September 29). Myng tamuqty korgen adam. Retrieved from <https://e-history.kz/kz/news/show/195>
- 4.Isayev, M. (1991). Revolyutsiya sarbazdary. I. Toktybaev. Almaty: "Qazaqstan", 191 p.
- 5.Bakiruly, A. (1997, July 25). "Dzhailas" operatsiyasy nemese Isa Toktybaevty zhasalau jaily. Egemen Qazaqstan.
- 6."Qyzylorda oblysynyng memlekettik arkhivi" KMM-nin qogamdyq-sayasatty tarikhy boyynsha filialy. 268-qor, 1L-tizim, 12036-is, 31-p.
- 7.Qyzylorda oblystyq tarikhy-olketanu muzeii. 59-qor, libro-6, actus-10, 34-37 p.
- 8.Koigeldi, M. (2024, February 15). Tarikhtyn kushi-dereke. Egemen Qazaqstan.
- 9.Managatov, S., & Iginova, N. B. (n.d.). Zheke tulghany qalyptastyroda bilimni roli. Retrieved from <https://infolesson.kz/zheke-tlani-alipastiruda-bilimni-rli-2739814.html>

10. Tursun, H. (2019). Isa Toktybaev – qazaq zıyalylyryn quğyndau'dyng ekinshi tolyqtynyn qurbandy. In Tulga jäne ulttyq tarikh мәseleleri respublikalıq ғылыми-тәжірйбіelik konferenciya materialdary zhınaq. Almaty, 57-62 b.
11. Qasymkhan, G., & Üsipov, A. (2022, July 22). Toktybaev tartqan tauqımet. Qazaqstan joly. Retrieved from <https://qazaqjoly.kz/toktybaev-tartkan-taukymet/>
12. Professor X. Tursun esteliginden.
13. "Qyzylorda oblysynyng memlekettik arkhivi" KMM-nin qoğamdyq-sayasatty tarikhy boyynsha filialy. 268-qor, 1L-tizim, 12036-is, 1-p.
14. "Qyzylorda oblysynyng memlekettik arkhivi" KMM-nin qoğamdyq-sayasatty tarikhy boyynsha filialy. 268-qor, 1L-tizim, 12036-is, 66-p.
15. "Qyzylorda oblysynyng memlekettik arkhivi" KMM-nin qoğamdyq-sayasatty tarikhy boyynsha filialy. 268-qor, 1L-tizim, 12036-is, 2-p.
16. "Qyzylorda oblysynyng memlekettik arkhivi" KMM-nin qoğamdyq-sayasatty tarikhy boyynsha filialy. 268-qor, 1L-tizim, 12036-is, 56-p.
17. "Qyzylorda oblysynyng memlekettik arkhivi" KMM-nin qoğamdyq-sayasatty tarikhy boyynsha filialy. 268-qor, 1L-tizim, 12036-is, 1-2 p.
18. "Qyzylorda oblysynyng memlekettik arkhivi" KMM-nin qoğamdyq-sayasatty tarikhy boyynsha filialy. 268-qor, 1L-tizim, 12036-is, 4-5 p.

ӘОЖ 973.921

Жораева Г. Т.

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: gulzhamal.zhoraeva@ayu.edu.kz

<https://orcid.org/0000-0002-1151-2664>

№28 мектеп-лицей тарих пәнінің оқытушысы, педагог-зерттеуші

Атыгаев А. А.

№28 мектеп-лицей тарих пәнінің оқытушысы,

педагог-зерттеуші, магистр

(Қазақстан, Түркістан қ.) e-mail: Aliaidar1988@mail.ru

АҚШ-тағы КАПИТАЛИЗМНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚҰЛДЫҚ МӘСЕЛЕСІ (XIX ғасырдың 50-60 жж.)

Аңдатпа. XIX ғасырдың 50-60 жылдары АҚШ-та капитализмнің дамуымен бірге қоғамда әлеуметтік және экономикалық өзгерістер орын алды. Бұл кезеңде өнеркәсіптік революцияның әсерінен елдің экономикасы жылдам қарқынмен дамыды. АҚШ-тың солтүстік аймақтарында зауыттар мен фабрикалар көбейіп, ауылшаруашылық өндірісінің орнына өндірістік экономикаға көшу басталды. Бұл үрдіс капиталистік қатынастардың нығаюына әкелді.

Алайда, капитализмнің дамуының теріс әсерлері де болды. Оңтүстік штаттарда құлдық институты сақталып, бұл жүйе елдің экономикалық құрылымын айтарлықтай өзгерістерге ұшыратты. Құлдар еңбек ету үшін ауыл шаруашылығы мен плантацияларда жұмыс істеді, бұл жұмысшылардың қатаң тәуелділігін және адам құқықтарының бұзылуын туғызды. Құлдық мәселесі қоғамда өткір пікірталастар тудырып, бұл проблема азаматтық соғысқа әкелген негізгі факторлардың бірі болды.

Мақалада АҚШ-тағы капитализмнің дамуымен байланысты құлдық мәселесі қоғамның әртүрлі топтары арасында қақтығыстар мен қайшылықтар қарастырылған. Солтүстік және Оңтүстік штаттар арасындағы экономикалық және әлеуметтік айырмашылықтар тереңдей түсіп, елдің болашақ тағдырына үлкен әсерін тигізгені туралы баяндалған.

Кілт сөздер: Капитализм, иммигрант, плантатор, капитал, плантация, эксплуатация, құл, индустрия, перспектива, анорханизм.

Жораева Г. Т.

кандидат исторических наук, доцент

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави

(Казахстан, г. Туркестан) e-mail: gulzhamal.zhoraeva@ayu.edu.kz

<https://orcid.org/0000-0002-1151-2664>

Преподаватель истории школы-лицея №28, педагог-исследователь

Атыгаев А. А.

Преподаватель истории школы-лицея №28,

педагог-исследователь, магистр

(Казахстан, г. Туркестан) e-mail: Aliaidar1988@mail.ru

РАЗВИТИЕ КАПИТАЛИЗМА В США И ПРОБЛЕМА РАБСТВА (50-60-е годы XIX века)

Аннотация. С развитием капитализма в США в 50-60-х годах девятнадцатого века в обществе произошли социальные и экономические изменения. В этот период под влиянием промышленной революции экономика страны развивалась быстрыми темпами. В северных регионах США увеличилось количество заводов и фабрик, и вместо сельскохозяйственного производства начался переход к промышленной экономике. Эта тенденция привела к укреплению капиталистических отношений.

Однако были и негативные последствия развития капитализма. В южных штатах сохранился институт рабства, и эта система претерпела значительные изменения в экономической структуре страны. Рабы работали в сельском хозяйстве и на плантациях, что вызывало сильную зависимость рабочих и нарушение прав человека. Проблема рабства вызвала острые дебаты в обществе, и эта проблема стала одним из основных факторов, приведших к гражданской войне.

В статье рассматривается проблема рабства, связанная с развитием капитализма в США, конфликтами и противоречиями между различными слоями общества. Сообщается, что экономические и социальные различия между северными и южными штатами углубились и оказали большое влияние на дальнейшую судьбу страны.

Ключевые слова: Капитализм, иммигрант, плантатор, капитал, плантация, эксплуатация, раб, промышленность, перспектива, анорхонизм.

Zhoraeva G.

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor
Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkestan) e-mail: gulzhamal.zhoraeva@ayu.edu.kz
<https://orcid.org/0000-0002-1151-2664>

Teacher of the history of Lyceum school No. 28, teacher-researcher

Atygaev A.

Teacher of the history of Lyceum school No. 28,
teacher-researcher, Master's degree
(Kazakhstan, Turkestan) e-mail: Aliaidar1988@mail.ru

DEVELOPMENT OF CAPITALISM IN THE USA AND THE PROBLEM OF SLAVERY (THE 50S AND 60S OF THE NINETEENTH CENTURY)

Annotation. With the development of capitalism in the USA in the 50s and 60s of the nineteenth century, social and economic changes took place in society. During this period, under the influence of the industrial revolution, the country's economy developed rapidly. In the northern regions of the United States, the number of factories has increased, and instead of agricultural production, the transition to an industrial economy has begun. This trend has led to the strengthening of capitalist relations.

However, there were also negative consequences of the development of capitalism. The institution of slavery has been preserved in the southern states, and this system has undergone significant changes in the economic structure of the country. Slaves worked in agriculture and on plantations, which caused workers to be highly dependent and violated human rights. The issue of slavery caused a sharp debate in society, and this problem became one of the main factors leading to the civil war.

The article examines the problem of slavery related to the development of capitalism in the United States, conflicts and contradictions between different strata of society. It is reported that the economic and social differences between the northern and southern states have deepened and had a great impact on the future of the country.

Keywords: Capitalism, immigrant, planter, capital, plantation, exploitation, slave, industry, perspective, anachronism.

Кіріспе. XIX ғасырдың 50-60 жылдары АҚШ тарихындағы маңызды кезеңдердің бірі болып табылады, себебі бұл уақытта капитализмнің дамуы айтарлықтай қарқын алды. Әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістердің арқасында АҚШ бірте-бірте аграрлық экономикадан индустриалды экономикаға өтіп, капиталистік қатынастардың нығаюына ықпал етті. Бұл кезеңде өнеркәсіптің дамуы, темір жолдардың салынуы, жаңа технологиялардың енгізілуі, сондай-ақ еңбек нарығының құрылымы маңызды өзгерістерге ұшырады.

Капитализмнің дамуының негізгі тенденциялары ретінде өндірістік күштердің өсуі, бизнестің монополизациялануы, еңбек бөлінісінің артуы және қаржылық жүйенің қалыптасуы сияқты факторлар ерекше назарға алынуы тиіс. Сонымен қатар, осы жылдары АҚШ-тағы еңбек қатынастарында өзгерістер болды, жұмысшылардың құқықтары мен әлеуметтік мәселелер өзекті болды [1]. Бұл процестердің барлығы капитализмнің негіздерін нығайтып, АҚШ экономикасының жаһандық аренада маңызды рөл атқаруына жол ашты.

Негізгі бөлім. XIX ғасырдың алғашқы жылдарында АҚШ өндірісінің даму деңгейі жөнінен Батыс Еуропа елдерінен, әсіресе Ұлыбританиядан артта қалып қойған еді. Елдің экономикасы аграрлы түрде болды. Алайда уақыт өте келе жағдай өзгерді. Ішкі рыноктың өсуіне капитал салынды, еңбек өнімділігі дамыды және де шеттен келген иммигранттардың ішінде жүз мыңдаған маман жұмысшылар мен қолөнершілер бар еді (дәрежелі механиктер мен инженерлер). Олардың елде капитализмнің қарқынмен дамуына үлесі аз болған жоқ. Бұл жағдайлар өндірістің дамуына түрткі болды. Нәтижеде тоқыма фабрикалары мен металлургия комбинаттары жұмыс істей бастады.

АҚШ-та капитализм өте қарқынды дамып, әсіресе 1850-1860 жылдар аралығында дүние жүзінде әйгілі елге айнала бастады. Сырттан келуші иммигранттар есебінен есебінен халықтың саны тез өсті. 1850 жылы АҚШ-тың халқы 23,2 миллионға жетті. Оның ішінде 3 миллионнан астамы негрлер болды. 1800-1860 жылдар арасында әрбір он жыл сайын халық саны орта есеппен 32-36 пайызға өсіп отырған.

Дамудағы алшақтық күшейе түсті. Әсіресе темір жол салу төңірегінде күшейді. Құл иеленуші-плантаторлар оңтүстікке қарай яғни өздерінің экономикалық мақсаттарына сай келетіндей бағытқа салғысы келсе де, ол солтүстіктің өнеркәсіпшіліктің мүддесіне қайшы болды.

XIX ғасырдың 50-ші жылдарының басынан бастап АҚШ-тағы өнеркәсіп дамуы едәуір жедел түрде дамыды. 50-ші жылдардың соңына қарай АҚШ өнеркәсіп өнімдерін өндіруден дүние жүзі бойынша төртінші орында тұрды. Ауылшаруашылық және басқа да ауыр машиналары көптеп шығарыла бастады. 1860 жылға қарай мата өнеркәсібінде 1700 фабрика жұмыс жасады. 1850-1860 жылдары аралығында теміржол торабының ұзындығы 14 мың шақырымнан 48 мың шақырымға дейін ұзарды. Осы уақыт аралығында өнеркәсіпке бөлінген ақша сомасы екі есеге көбейіп, 1 миллиард долларды құрады. Бұған Еуропадан құйылған капитал мен 1848 жылы Калифорниядан табылған алтын орындары өз үлесін қосты.

Фабрикалық өнімге өту өнеркәсіптік шоғырланумен және мата кәсіпорнын ығыстырумен жүзеге асырылды. 1850-1860 жылдар аралығында өңдеу өнеркәсібіндегі жұмысшылар саны 957 мыңнан 1 миллион 311 мыңға көбейді.

Алайда, тез өсімге қарамастан 50 жылдардың соңында Америка өнеркәсібі өз елінің қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтын деңгейде еді. Рельстерге, машиналар мен станоктарға қажеттілік туды, енді бұларды Англиядан әкелу қажет болды.

АҚШ-тағы тұрғындар саны 1850 мен 1860 жылдар аралығында 23,1 миллионнан 31,4 миллионға дейін өсті. Халық саны, әсіресе, солтүстік-батыс штаттарда тез өсті: Азамат

соғысына дейінгі онжылдықта бұл көрсеткіш 67 пайызға өсті. Халық санының өсуі жаңа территорияларды иемденумен байланысты болды. Солтүстік-батыстың тездете дамуы шығыс штаттарының өнеркәсіп өнімдері ішкі рыноктың өсуіне өз әсерін тигізді [2, 391-392 бб].

Елдің экономикалық дамуына транспорттық байланыстар қажет болды. Американдықтар мен иммигранттар елдің батыс бөлігіндегі бос жерлерге қоныстанды. Мұнда олар өндіріс ошақтарын салып, шаруашылықпен айналысуды қолға алып, жұмыспен қамтылды. 1000 миль арақашықтықтағы қалың ормандар жұмыстың алға басуына кедергі бола бастады. Сондықтан XIX ғасырдың I ширегінде үлкен каналдар салу жұмыстары жүргізілген. XIX ғасырдың ортасына қарай жүздеген кеме суда жүзді. Теміржолдар негізінен 30-жылдары пайда болған-ды. Ал 1860 жылға қарай АҚШ теміржол ұзындығы жөнінен 1 орынға шықты. 1869 жылы трансконтинентальдік магистраль салынды. Теміржолдар бойымен, қалалар арасында телефон-телеграф желілері тартылды.

Жаңа жерлерді иемдену нәтижесінде АҚШ экономикалық тұрғыда аграрлы елге айналды. Жаңа жерлерге американдықтармен бірге иммигранттар да келіп қоныстана бастады. Жер алу көпшілікке тиімді болуы үшін 50 жылдай уақыт керек болды. Алғашқыда жерлер қымбатқа сатылды, бірақ кейіннен арзандатылды. Жер сату мемлекеттің басты табыс көзі болды. Жерді сатып алу және ферма салу көпшілік үшін қымбатқа түсті. Сондықтан олар алғашқыда аренда алып, иемденген. Фермалардың көпшілігінің иелері отбасылар болып, олардың барлығы көп табысқа ие болып отырды. Мемлекеттің шығысына және оңтүстігіне бидай, жүгері дақылдары мен шошқа еті таралды. Батыстың ауылдық аймақтарына арзан фабрика өнімдері көбірек таралды. Ауыл шаруашылығы дамуы жөнінен көптеген техникалық жабдықтар шығарыла бастады (соқа, дәнсеппіш т.б.). Олардың ішінде С.Маккорниктің зауытынан шыққан жабдықтар көп жерлерге мыңдап тарады. Отбасылық еңбек және оны механизациялау Америка шаруашылығында үйреншікті жағдайға айналды [3, 280-281бб].

АҚШ-та өндірістік жұмысшылар табы қалыптасты. Тек қана иммигранттар емес, сондай-ақ американдықтар да ақшалай пайда табу үшін, жалданып жұмыс істеді. Америка қоғамында негізгі жұмыс күші жастар болды. Әсіресе жас қыз-келіншектер фабрикаларда жақсы жұмыс атқарды. Айта кететіні, жастар кедей отбасылардан шығып қана қоймай, ауқатты жанұялардан да шықты.

Өндірістегі жұмысшылар негізінен еңбек жалақысын жинақтай алмады.

Қара жұмысшы 1 күнде 1 доллар еңбекақы алып отырды. Өндірістің дамуы нәтижесінде америка қоғамында өзгерістер бола бастады. Мысалы жанұяда әке мен шеше қара жұмысшы болса, баласы әкесінің жолын қумай білім алуға талпынды және абыройлы жұмыстар істеуге ұмтылды. Ал иммигранттардың арзан жұмыс күшін пайдаланып АҚШ үкіметі «жоғары» көтеріле бастады.

АҚШ-та өнеркәсіп төңкерісі тез аяқталды. Өндіріс пен капиталдың шоғырлануы жедел түрде дамып, оның негізінде монополия мен банк жүйесі күшейді.

Ғылым мен өнертапқыштықта да жаңа қадамдар жасалды. 1860 жылға дейін өнертапқыштарға 36 мың патент берілсе, келесі жылдарда ол өзінің көлемін ұлғайтты.

1844 жылы Сэмюел Ф.Б.Морзе электр телеграфын жетілдірді де, көп ұзамай елдің кейбір жерлері сым тартылған телеграфтық бағаналар торабымен байланыстырылды.

АҚШ-та үй жер иелері, теміржол магнаттары, өнеркәсіп иелері және банкирлер мен саудагерлер байыды [4, 581-582 бб].

Америка қоғамы үнемі «қозғалыста» болды. Орыс зерттеушісі А. Лакиер 1959 жылы былай деп жазды. Әрбір американдық тек қана бір кәсіппен шектеліп қоймады: Ол бүгін шаруа болса, ертең шенеунік, одан соң көпес, теңізде жүзуші т.б. Солардың бірі XIX ғасырдың II жартысындағы ірі болат құю кәсіпорнының бастығы Эндрю Карнеги

алғашында АҚШ-қа Шотландиядан көшіп келіп, теміржолда жұмыс істеген, одан соң 12 жыл бойы тоқыма фабрикасында еңбек еткен.

Оңтүстік штаттарының экономикасы басқа сипатқа ие болды. Мұнда мақта өндірісі дамыды: 1851 жылдан 1859 жылға дейін мақта өндіру 60 пайызға ұлғайды. Оңтүстіктің өнеркәсібі, негізінен, мақтаны алғаш өңдеу, оны тазалау және орау жұмыстарымен шектелді. Мақта өндіруді игеру Оңтүстік экономикасына біржақты сипат берді, өнеркәсіп дамуын тежеді. Оңтүстік штаттары халқының өсуі едәуір баяу жүрді.

Үлкен кіріс әкелген мақта өндірісінде құлиеленуші – плантаторлар қаптай бастады. Құл иеленуші штаттарда 12 миллион халықтың 4 миллионға жуығы құлдар болды. Құлдық еңбекті пайдалану үшін құрылған ірі плантациялық шаруашылықтың болуы майда шаруашылықтардың сәтті дамуына мүмкіндік туғызды. Фермерлердің көп бөлігі кедейленіп, «ақ жарлыларға» айналды. Ірі құл иеленушілер тек құлдарға ғана әмірлік жасап қана қоймады, сонымен миллиондаған «ақ жарлыларға» да иелік етті.

Мақта плантацияларының кеңеюінен құл еңбегіне деген қажеттілік одан сайын күшейді. 1803 жылы указ сырттан құл әкелуге тыйым салған болатын, сол себепті құлдар азайып кеткен еді. Енді Оңтүстіктің құлиеленушілері маскара кәсіп құл өсірумен айналысты. Бұл істе Виргиния, Миссури, Мэриленд, Кентукки, Делавер штаттарының аты шықты. Азамат соғысының алдында оңтүстікте 9 миллион тұрғын болса, соның 4 миллионға жуық құлдар – негрлер еді. Оңтүстік тұрғындарының бар болғаны 7 процентіндей бөлігі жер иелері 3953696 негрлердің 3 миллионы құлдықта ұсталынды [5, 541-542 бб].

Құлдық еңбекте негізделген бұл плантациялық жүйе ішкі терең дағдарысты басынан өткеріп жатты: қара тәнді құлдар эксплуатацияға қарсы шығып бар күші жеткенше күресті. Бұл кезде көптеген құлдар қашып кетіп отырды. Қашқындарға көмекке аболиционистер келді. Қара тәнді құлдардың еңбек өнімділігі төмен деңгейде болды. Оларды жұмысқа күштеу үшін олардың әрбір қадамын аңдып қаруланған адамдар жүрді.

Құл иелену шаруашылығы ішкі рынок пен әлсіз байланыста болды. Мұның нәтижесіне солтүстік-шығыс штаттарының өнеркәсіп өнімдері оңтүстік рыногына қиын жолмен жетіп отырды. Бұл АҚШ-тың жалпыұлттық рыногының құрылуына кедергі жасады.

Оңтүстіктің құл иеленушілері өздерін «құл иеленуші плантаторлар» деп ерекше санады. Темекі өсіру оларға үлкен байлық әкелді. Ал XVIII ғасырдың аяғында басталған мақта өндіру оларды одан сайын байытты. Мақта тоқыма өнеркәсібінің негізгі шикізат көзі болды. Бұған дейін мақта Англияға сатылатын еді, енді АҚШ мақтаны ешқайда жібермей өздері тоқыма өнеркәсібіне пайдаланатын болды. Осыған байланысты, мақта плантациялары жүз, мың еселеп көбейді.

Американдық плантаторлар шаруашылықта құлдар еңбегін пайдаланды. Олар өздерін «джентельмендер» деп атады. Плантаторлар құлдардың еңбегінен әбден байып отырды. Оңтүстікте мақта егу өте қолайлы және оны өсіру оңай болғандықтан, мақта шаруашылығы жақсы дамып кетті [6, 108-109 бб].

1808 жылы АҚШ конституциясында шеттен адам әкелуге тиым салу туралы заң шығарылған болатын. Бірақ мұндай тиымдарға қарамастан құлиеленушілер шеттен еріксіздерді әкелуді тоқтатпады.

Құл иеленудің көбеюі нәтижесінде еркін жұмысшыларға ешкім қызықпады. Өйткені оларға ақы төленуі тиіс еді (ал құлдарға ақы төленбейтін еді). Құл еңбегі ерікті жұмысшылармен бәсекеде болды. Құлдардың бағасы қымбаттады. Мысалы, 1859 жылы Жаңа Орлеандағы аукционда бастапқы баға 1,5 мың доллар болса, ал бір жылдан кейін 4,5 мың доллар болды. Құлдар «тірі капиталға» және шынайы байлыққа айналды. Олар үшін құлиеленушілер 1861-1865 жылдары болған Азамат соғысында аяңбай күресті.

50-60 жылдардағы Солтүстіктің өндірісшілері алға қарай үлкен жоспарлар жасады. Олар Солтүстік-Шығыста біріңғай ұлттық рыноктарды құрып, батыстық капиталдық

колонизациясы елде біркелкі транспорттық жүйе құру қажеттіліктеріне ерекше көңіл аударды. Алайда, құлдық бар жерде бұлардың жүзеге асуы мүмкін емес еді.

Солтүстіктің сауда ортасы құлдықтағы экономикалық қызығушылықтарын сақтап қалды. Негізінен бұлар мақтаға тапшы фабриканттар мақталарды Солтүстікке таситын транспорттық компаниялар, плантаторларды кредиттендірген банкирлер болды. Бірақ Солтүстік өндірісінде шешуші рольді бұлар атқармайды және болашақта бұларға тиесілі емес.

Индустрия, темір өндірісі мен басқа да мықты мекемелердің басшылары кен және теміржол компанияларының иелері елдің экономикасында маңызды позицияларға ие болды. Елдегі экономикалық дамудың перспективалық тұрғысынан алғанда құлдықтың енді кемшіліктері көбейе бастады және бұл олардың тағдырын шешті. Оңтүстіктегі қорқынышты анорхонизм жойылу керек болды. Құл иеленушілерге болашақтың көңілсіз көрінісі Оңтүстік плантациялары капитан алаңына айналып ал құлиеленушілерге класс ретінде жойылу қаупі туып тұрғандай болып көрінді.

Англия отарларындағы ұлт-азаттық қозғалыс Америка Құрама Штаттары деп аталатын жаңа мемлекеттің құрылуымен аяқталған еді. Тәуелсіздік алған АҚШ-тың екінші азамат соғысына дейінгі аралықтағы дамуында үлкен ерекшелігі бар. Онда екі жүйе пайда болды. Елдің оңтүстігінде құл иеленуші плантаторлық шаруашылық қалыптасып, ал Солтүстік капитализм даму жолына түскен. Елдің солтүстігінде капитализм жайыла және терең дамып жатқан кезде Оңтүстікте құл иеленушілік плантаторлық шаруашылық күшейді.

Тәуелсіздік үшін соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықтан құл еңбегінің төмен өндірісіне байланысты және капиталистік қатынастардың дамуымен қайшылықта болуынан құл иеленушілік дағдарысқа ұшыраған болатын. Алайда, XVIII ғасырдың 90-жылдары Эли Уитнидің «джина» атты мақта тазалайтын машинасын ойлап табуымен оңтүстікте құл иеленушілік жүйе шарықтай бастады. Ағылшын және солтүстік-шығыс американо тоқыма өнеркәсібінің өсуі мақтаға деген сұранысты өсіріп отырды және мақталы плантациялардың ұлғаюына әсер етті. Мақтаның негізгі табыс көзі болуы, оны оңтүстіктегі басты мәдениетке айналдырды. Құлдарға деген сұраныс қайта өсіп, батысқа қарайғы жерлер плантацияларға айналдырылды. Ондағы фермерлер ірі плантаторларға бәсеке құра алмады. Оңтүстіктегі құлдық күшейіп қана қойған жоқ, ол территориясы жағынан да кеңейіп қанат жайды.

Президент посты, Конгресс пен Жоғарғы сот т.б. мемлекеттің саяси билігінің негізгі тіректері құлиеленушілер бақылауында болып келген еді. Олар ең алдымен Конгресстегі ықпалынан айрылды. Солтүстік штаттар тұрғындарының жылдам өсімі (еуропалық иммиграция) өкілдер палатасынан көпшілік орын алып берді.

Сенатта басымдылықты сақтаған плантатор-құлиеленушілер еркін және құлиеленуші штаттар саны тепе-теңдігін сақтауға тырысты. 1820 жылы Миссури компромиссі нәтижесінде Одаққа бір мезетте екі құлиеленуші және еркін штат қабылдау ережесі қалыптасқан болатын. 1840 жылға қарай АҚШ-та 15 еркін, 15 құл иеленуші штат тіркелгенімен, батыс жерлерінде фермерлік шаруашылықтың интенсивті дамуы, болашақ еркін штаттар санының жедел өсуін алдағы уақыт шешетін мәселе екендігін көрсетті [7, 58-59 бб].

XIX ғасырдың 50-ші жылдары саяси бытыраңқылық жылдар деп айтуға болады. АҚШ үкіметі құлдық мәселесін шеше алмақ түгіл, елдің құлдырауын тоқтата алмады. 1852 жылы жазушы Гарриет Бичер Стоу «Том ағайдың лашығы» атты романын шығарды. Бұл роман Солтүстік штаттарының халықтарына қатты әсер етті. Гарриет Стоу өзінің кітабын жаза бастағанда, ол қысқа ойды тұжырымдамақшы болды, бірақ бұл кітап терең ізденістен соң мағынасы жағынан да ауқымы жағынан да көлемді бола бастады. Кітаптың шығуы үлкен жаңалық (сенсация) болды. Бір жыл уақыт ішінде 300 мыңға жуық кітап

таратылды. Халықтың сұранысын өтеу үшін, типографтар күні-түні жұмыс істеді. Көп ұзамай бұл еңбекті шет тілдеріне аудару басталды.

Сезімталдықпен және стереотиптік кейіпте жазылған «Том ағайдың лашығы» құлиеленушілердің қатігездігі және бостандық сүйгіштердің қарсылығын көрсетті. Бұл еңбек жұрттарда құлдарға деген әділеттілік пен жанашырлық сезімін оятты. Атақты аболиционист ханым Гарриет Бичер-Стоудың қаламының туындысы болған бұл кітап миллиондаған дана болып шығып, көптеген тілдерге аударылды, ал осы сюжет бойынша қойылған пьеса Америка мен Еуропаның көптеген театрларында көрсетілді.

Ішкі жағдай мен саяси билікті толық толықтай алуды көздеген құл иеленушілер үшін екі бағыт айқындалды. Бірі 36-30 ендіктен солтүстікке қарай құлиеленушілікке қарай құлиеленушілікке тыйым салған Миссури компромисінен бас тартып құлдықты солтүстік территорияларға тарату керек болса, екіншісі құлдықты континент оңтүстігіне қарай жылжыта беру еді. 1846 жылы Пенсильванияның фермер-демократы Д. Уилмот Мексикадан тартып алынған жерлерде құлдыққа тиым салған заңнұсқа енгізді. «Уилмот ұсынысы» өкілдер палатасында өткенімен, сенатта қабылданбай тасталынды. Бұл оқиға құлдық туралы мәселедегі негізгі пікірталас тақырыбына айналып, кейінгі он жыл бойы толастамады [8. 97-98 бб].

XIX ғасырдың 50-ші жылдары құлдық және еркін еңбек арасындағы әлеуметтік қатығыс өсіп, шегіне жетті. «Уилмот талабын» алғашқылардың бірі болып, 1848 жылы Мексикадан бөлініп алынған Калифорния территориясының негізгі бөлігі тұрғындары жүзеге асырды. 1849 жылы мұнда алтын кеніштері ашылып, қоныстанушылар есебінен қысқа мерзімде елсіз аймақ халқының саны 80 мың адамға жеткен болатын. Түрлі дін мен әр ұлт өкілдері құлдықты жою мәселесінде бір ауыздан шыға алды. Оңтүстікке құлдықты ендіру жоспарына сәтсіздікке ұшырауынан соң, құлиеленушілер күрес бағытын солтүстікке бұрды. Осы мақсаттағы 1850 жылғы компромисстік бірінші заңшығарушылық шара аталған келісім бойынша, Калифорния одаққа еркін штат ретінде қосылды. Сонымен қатар, Солтүстік штаттардың өкіметімен тұрғындарын қашқын құлдарды ұстауды көмектесуге міндеттеген қатаң қабылданды. Еркін штаттардағы негрлер аталмыш заңның құрбаны болып, олардың күштеп ұрланғандығы туралы мысалы тарихта көптеп кездеседі.

Келесі маңызды заң шекаралық Жаңа Мексика және Юта штаттары тұрғындарының құлдық туралы мәселені шешуді өз құзырларына беру еді. Өйткені, бұл шын мәнінде 1820 жылғы Миссури компромисінің күшін жою болатын. Ол сенат Стефан Дугластың құл иеленушілік сипаттағы ұсынысымен 1854 жылы Канзас-Небраска деген атпен қабылданған билльмен алмастырды. Жаңа билль бойынша Миссури компромисі шебінен Солтүстікте жатқан үлкен территорияда құлдық мәселесі қоныстанушылардың өз ісі деп жарияланды.

Бұл заң алғаш көзге демократиялы көрінгенімен, тәжірибеде федералды үкімет қолдауымен жаңа территорияда құлдықты ендіруді көздеген. Құл иеленушілер мүддесіне қызмет етті. Өз төңірегінде үлкен шу көтерген 1857 жылғы Дред Скотт ісінде (өз қожайынымен бірге бірнеше жыл солтүстікте тұрған негр құлдың осы негізде бас бостандық сұраған талап өтінішіне) Жоғарғы сот құл кез-келген штатта қожайын меншігі болып қала береді – деген шешім шығарды. Жоғарғы заң шығарушы органдарда мұндай шешім қабылдануы құлдықтың бүкіл одақ көлемінде таратылуына заңдылық сипат бергенімен теңелді. Дегенмен, бұл заңға антиқұлиеленушілік күштер солтүстік штаттарда заңның орындалмауын қадағалайтын комитеттер құрумен жауап берді. Қашқын құлдарды қолдау «жер асты темір жолы» қызметі, көмектесу өсті.

XIX ғасырдың 50 жылдарындағы саяси дағдарыс бұрынғы партиялардың күйреуіне алып келді. Оған себеп 20 жылдан аса уақыт өмір сүрген екі партиялық жүйенің «демократтар-вигилердің» мемлекет алдында тұрған тарихи маңызды құлдық мәселесін шеше алмауы еді.

1854 жылы құлиеленушілікке қарсы Оңтүстік пен Солтүстік арасында дау туды. Ел басқарушылар қазіргі Канзас пен Небраска штаттарына халықты қоныстандыра бастады. Осы штаттардың тұрғындары бұл аумақта өздерінің басқару орындарының болуын талап етті. Елде аболиционизм ықпалы артып, онда радикалдық қанат жеңіске жетті. Канзаста басталған азамат соғысының басты себебі де, ең алдымен қабылданған «Канзас-Небраска» билігіне байланысты еді. канзасқа қоныстанушылардың екі тобы, оңтүстіктен плантаторлар құлдарымен бірге, ал солтүстіктен фермерлер мен жұмысшылар ағыла бастады. Отарлаушылық ұйымдасқан экономикалық және саяси компания сипатында жүрді. Жаңа Англияда және басқа солтүстік штаттарда отарлаушылық қоғамдар құрыла бастады. Ақша және қару жиналды. Белгілі шіркеу иесі Генри Бигер қоныстаушылады бағыттап, қолдарына Шарп қаруын ұсынды («Бигер библиясы» - деп аталған) тапсырды. Көп ұзамай Канзаста құлиеленушілікке қарсы және оны жақатаған қос үкімет орнады, екі конституция қабылданды.

Канзастағы Азамат соғысының басталуынан соң, екі партия бұрынғыдай бұл мәселеден қаша алмады. Канзас оқиғалары әсерінен құлдықпен келісімде болған фермерлер демократтар патиясынан ажырай бастады. Халықтың құлдық мәселесін қозғауына кедергі жасауға тырысқан демократтар жалпыхалықтық сипатынын айрылды. 1852 жылы вигилердің көсемдері Уэбстер мен Клейдің өлімінен соң, партия ыдырап, оңшыл қанатты оңтүстік - демократтарымен бірікті [9, 110-112 бб].

Миссури келісімі бойынша құлдыққа тыйым салынған-ды. Бірақ, Миссури құл иеленушілері көршілес Канзас штатының бостандық жайлы заңдарына қарсы шықты. Миссури штаты үш жақты қыспақтан қорықты. Себебі, көршілес 3 штат (Иллинойс, Айова, Канзас) «бостандық» штаттарына айналды. Миссуриліктер Оңтүстіктегілер көмегімен Канзастың іс әрекеттеріне тосқауыл қойды.

Иллинойс штатының сенаторы Стефан А.Дугластың заң жобасы құл иеленушілікке қарсы пікірдегі адамдарды әбігерге салды. Себебі, 1850 жылы қарастырылған ымыра бойынша Юта мен Нью-Мексиконың статусын шешу туралы өзіндік құқығы болды (нәтижеде Юта құл иеленушілікке қарсы еркін және тәуелсіз штат болып, ал Нью-Мексико құл иеленуші штат болып қала берді). А.Дугластың пікірі бойынша Миссури келісімі өз күшін жойған еді. Ол екі территорияны заңдастыруды ұсынды. Канзас және Небраскаға қоныстанушыларға еркін өмір сүруге құқық берді. Канзастағы Азамат соғысының басталуынан соң, екі партия бұрынғыдай бұл мәселеден қаша алмады. Канзас оқиғалары әсерінен құлдықпен келісімде болған фермерлер демократтар патиясынан ажырай бастады. Халықтың құлдық мәселесін қозғауына кедергі жасауға тырысқан демократтар жалпыхалықтық сипатынын айрылды. 1852 жылы вигилердің көсемдері Уэбстер мен Клейдің өлімінен соң, партия ыдырап, оңшыл қанатты оңтүстік - демократтарымен бірікті.

1856 жылы Дугластың президенттік сайлауда жеңіп шығу үшін Оңтүстіктіктермен байланыс жасағандығын Солтүстіктіктер айыптады. Конгресстің заң жобаларын бекітуде ашық түрде дебаттар өріс ала бастады. Фрисойлерлердің баспасөз құралдары жұмыла қарсы шықты. Солтүстік халқының ержүректігі оны нашар халге қалдырды. Бұған дейін Оңтүстікпен жақсы байланыста болған Солтүстіктің билеуші өкілдері енді ат басын басқа жаққа қарай бұрды. Алайда 1854 жылы майда сенат билль қабылдады. Бұны Оңтүстіктегілер сылтау етіп, «артиллериялық салют» ұйымдастырды. Осы кезде көрнекті аболиционист Соломон П.Чейз өзінің ұлы сөздерін айтты: Олар қазір жеңісті тойлап жатыр, алайда уақыт өте олардың атқан оғының жаңғырығы сияқты құлиеленушілік әрекеттері де сөнеді». Дуглас өзінің қылмысын ақтау үшін, Чикагоға «өзін ақтау қағазын» оқыды. Бірақ бұл әрекет іске аспай қалды, өйткені порттардағы суда жүзетін транспортшылар (10 мыңдай адам) айқай-шу салып, шіркеудің әндерін орындап және тағы басқа да әрекеттермен қарсы шықты [10, 58-59 бб].

Дугластың сәтсіздікке ұшыраған іс-әрекеттері конгресте де айқын байқалды. Себебі оны ешкім елемеді. Құл иеленушілік қарым-қатынастың экспансиялық саясатын жүргізген вигилер партиясы өмір сүруін тоқтатып, орнына жаңадан пайда болған республикалық партия билікке келді. 1850 жылы партия президенттікке кандидатураға батысқа 5 рет зерттеу жұмыстарын ұйымдастырған Джон Фримонтты ұсынды. Бірақ, жеңіске жете алмады. Бұл партия сайлауда жеңілгенімен, ол Солтүстік халқының сеніміне кірді. Фрисойлерлердің – Чейз және Уильям Сьюардтың абыройы бұрынғыдан да жоғарылады. Бұлармен қатар саяси аренаға Иллинойстан ақылды, ұзынбойлы, адвокат Авраам Линкольн шықты.

Құл иеленуші штаттар мен құл иеленбейтін штаттардың Канзасқа көшіп келген шаруалар бір-бірімен қарулы қақтығысқа түсті. Соның салдарынан ол жерлерді «қан төгілген Канзас» деп атады. Одан кейін бұндай жағдайлар аз болған жоқ. Оның ішіндегі ең ірісі Дред Скоттың ісі болды. АҚШ-тың жоғарғы соты бұл іске аса қатыгездікпен қарады.

Скотт Миссуриде құл болған. Ол өзінің қожайынымен осы істің болуынан 20 жыл бұрын Иллинойс және Висконсин штаттарында өмір сүрді. Бірақ ол штаттарда құлдық жоқ еді.

Дред Скотт туралы істің аяғы Солтүстікті біраз толғандырды. Бұған дейін мемлекеттің жоғарғы соты ешқашан мұндай істерді әшкерелемеген еді. Оңтүстіктің демократиялық партиясы осы шешімге ризашылығын білдірді. Өйткені әрі қарай құл иелену туралы санкция берілді.

Өнеркәсіпті солтүстік, елдің экономикалық өмірінде шешуші роль атқарғанымен, мемлекеттік өкімет органдарында құлиеленуші-плантаторлар ықпалды болып отырды. Шынында да Вашингтоннан бастап Линкольн президент болып сайланған 50 жыл аралықта президенттік қызметте тек құл иеленушілердің өкілі отырды. Осы жылдар арасында жоғары соттың 35 мүшесінің 20-сы оңтүстік өкілдері, өкілдер палатасының 25 спикерінің 13-і құл иеленушілер болды [8, 121-122 бб].

Экономикалық көзқарас бойынша да, саяси көзқарас бойынша да, буржуазия құлдықты жоюға қызығушылығын танытты. Алайда, кейбір факторлар буржуазияны сабырлы болуға итермеледі. Буржуазия өкілдері құлдықты жоюға атсалысқанымен, кейбір буржуазиялық топтар Оңтүстіктің құлиеленушілерімен тығыз бйыланыста болды. Бұл тікелей Солтүстіктің тоқыма фабрикаларына қатысты еді, өйткені олар шикізатты Оңтүстіктегі плантаторлардан алды. Демек құлдардың дайындаған шикізатын өндіру арқасында Солтүстік буржуазиясы байып отырды.

Құлиеленушілікке қарсы екі толқын елдің қарама-қарсы екі бағытында көтерілді. Бірі құлдардың көптеген жақтастары болған Оңтүстіктен, ал екіншісі Солтүстіктен жылжыды. Бұл АҚШ тарихындағы Солтүстік пен Оңтүстіктегі құлиеленушілікке қарсы қозғалыстың бір мезгілде болған алғашқы көрінісі.

Оңтүстік пен Солтүстік арасында тұрақты ішкі рынок жасау төңірегінде қайшылық пайда болды. Мақта өсірумен айналысып отырған плантаторларға одан әрі батысқа қарай аунап түсіп жерлер алу керек болды, бұл жерлерде сөзсіз құлдық тарады. Бұл капитализмді дамытуға керек біртұтас рынок жасауға ұмтылып отырған солтүстіктің мүддесіне қайшы келді.

Міне, осы қайшылықты Америка Құрама Штаттарының саясатына мұрындық болды. Бұлардың тағы бір ерекшелігі екі жақтың үстем таптары яғни буржуазия мен құл иеленуші плантаторлар халық бұқарасын бұл мәселені шешуге араластырғысы келмеді. Оларсыз-ақ, өздері келісіп шешу ойы басым болды. Сондықтан да бүкіл одақты қолға алудан үміткер солтүстік ымырашылдық әдіске жақын тұрды.

Алайда бұндай мәселені халық бұқарасын қатыстырмай шешу мүмкін емес еді. Себебі жұмысшы табының өзі құл иеленушілікті жоюға мүдделі болды. Құл еңбегіне жұмысшы табы өзінің жұмысын жақсартуға кедергі келтіріп отырған бәсекелесін көреді.

Ал фермерлер болса батыстан жер алуға. Гомстед бөлу үшін заң қабылдау жолындағы күресіне батыстан жер алу үшін жанталасу жатқан құл иеленуші плантаторлардан кедергі болып отырғаның жақсы түсінді.

Сондай ақ Оңтүстіктің құл негрлері мен солтүстіктің ерікті негрлері құлдыққа қарсы күрес барысында құлдықтан және нәсілдік кемсітушіліктен азат болуды армандады [11, 26-27 бб].

Елдің негізгі таптары мен тұрғындары тобының фермерлердің, жұмысшылардың, құлдар мен ерікті негрлердің, буржуазия мен құл иеленушінің – мүдделері осылай құлдық мәселесі төңірегінде айқасып жатты. Бұлардың әрқайсысының мүддесі құлдықты шешу арқылы қанағаттандырылуы тиісті болды.

Осы XIX ғасырдың 50 жылдарынан азамат соғысы қарсаңына дейін буржуазияның ымырашылдығынан да құл иеленушілердің пайдасына, құлдықтың бүкіл штаттарына таралуына мүмкіндік жасайтындай заңдар мен шешімдер алынды. 1850 жылы конгресс қашқын құлдар туралы заң қабылдады. 1854 жылы құл иеленушілер құлдықты 36-31 солтүстікке қарай таратуды талап етті. 1820 жылғы Миссури келісімін қайта қаратты. 1857 жылғы жоғарғы сот негр Дред Скоттың ісі бойынша қожайыны қайда тұрса да, құлға бұрынғыдай билік сақталады деген шешім қабылдады. Бұл елдің барлық штаттарына жол ашты. Соғыс алдында экономикалық мүддесіне зиян келетіндей шаралар алды. Кедендік тарифті азайтты, Кеме құрылысына қажетті мемлекеттік қарызды қысқартты, гомстед заңын жойып тастады.

Құл иеленушілер буржуазия ойлағандай, оңайлықпен өздерінің позициясын әлсіреткісі келмеді, қайта жоғарыдағы жүзеге асырылған шаралардың барысында күшейе түсті.

Енді 1850 жылдан бастап капитализмнің дамуы оның тездеуімен батыс жерлерін фермерлердің отарлауын кең етек алуымен байланысты құлдықпен арадағы қайшылық бітіспейтін сипат алды. Бұнда құлдық бұрын ақ қысқартылған болатын. Осы жылдардан бастап солтүстікке капитализм және солтүстік батыста фермерлік ауылшаруашылығы тездеді.

Осылайша, XIX ғасырдың бас кезінен бастап өзара қайшылықтағы екі экономикалық орталыққа: жалдамалы еңбекке негізделген, капитализм жедел дамыған облысқа және әлемдік капиталистік өндіріске қызмет етсе де, өзінің ішкі құрылымы капиталистік қатынастарға қарсы құл иеленушілік облысқа бөлінген Америка қоғамы XIX ғасырдың 50 жылдарына келіп өзінің шарықтау шегіне жетті.

Бұл бөліністерден кейін қоғамдық және идеологиялық жүйе жіктеулері пайда болып, кейінгі жылдардағы азамат соғысына алып келген «болмай қоймайтын қақтығыс» туындады.

Құл иеленушілікті жоюдың жақтастары күн санап көбейіп отырды. Елде бірнеше дүркін құлдар көтерілісі болып өтті. Дегенмен де, өздерінің еріксіз өмірімен келіскісі келмеген құлдардың қарсылық күресінің кең тараған түрі, өз қожайындарынан қашып кету болып қала берді.

Сонымен, күн тәртібінде тұрған құл иеленушілікті жою батыс жерлеріне иелік мәселесін демократиялық сипатта шешу, шетел тауарларының еніп кетуін тоқтату мақсатында жоғарыға баж енгізу сияқты міндеттерді шешу төңірегінде елде азамат соғысын жетілдіре түсті [11, 344-345 бб].

1850 жылдардың аяғында құл иеленушіліктің экономикалық әлсіздіктері сезіле бастады. Солтүстік-Шығыста өнеркәсіптік төңкеріс болып жатты. Жеңіл және ауыр өнеркәсіп, теміржол және транспорт, кеме жасау т.б. өндіріс салалары жедел қарқынмен дамыды. Құлдық жоқ штаттарда ауылшаруашылық жақсы дами бастады. Жиі-жиі сезіліп жатқан экономикалық дағдарысқа қарамастан, жалпы алғанда АҚШ экономикасы айтарлықтай шындыққа жетті. Американың дүние жүзіндегі өнеркәсіптік үлесі 1820 жылы 6 пайызға өсті, ал 1860 жылы 15 пайызға өсті [2, 125-126 бб]. АҚШ әлемде экономиканың

өсуі жөнінен алдыңғы қатарларға шықты. Нарықтық экономиканы ары қарай дамытуға құлдық кедергі болды. Яғни, экономиканы дамыту үшін құлдық мәселесін шешу керек болды.

Қорытынды. XIX ғасырдың 50-60 жылдарында АҚШ-та капитализмнің дамуы мен құлдық мәселесі бір-бірімен тығыз байланысты болды. Солтүстік аймақтарда өнеркәсіптік өндірістің өсуі, банк жүйесінің қалыптасуы және темір жолдардың кеңеюі капиталистік қатынастардың күшеюіне ықпал етті. Бұл өз кезегінде ұлттық экономиканың жаңа құрылымына алып келді. Сонымен қатар, капитализмнің дамуы еңбек нарығында әлеуметтік теңсіздікті тереңдетіп, көптеген еңбекшілердің өмір деңгейін төмендетті.

Алайда, оңтүстік аймақтарда құлдық институты әлі де күшті болып қалды, оның экономикалық негізі жер шаруашылығымен байланысты болды. Құлдар еңбек ететін плантациялар мен фермерлерге тәуелді экономика Оңтүстіктің дамуын тежеп, қоғамдағы әлеуметтік әділетсіздікті күшейтті.

Бұл екі жүйенің арасындағы қарама-қайшылықтар АҚШ-тағы азаматтық соғысқа жол ашты. Капитализмнің дамуы және құлдықтың сақталуы арасында шиеленіскен әлеуметтік мәселелер халық арасында үлкен пікірталастар туғызып, ақырында АҚШ-тың ішкі саяси құрылымына түбегейлі өзгерістер енгізуге мәжбүр етті. Осылайша, XIX ғасырдың 50-60 жылдары АҚШ-тағы экономикалық даму мен әлеуметтік әділетсіздік арасында күрделі қайшылықтар орын алды, бұл елдің болашағын айқындауға маңызды әсер етті.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Петренко А. АҚШ-тағы капитализмнің дамуы: Индустриализация және әлеуметтік мәселелер. - Алматы: Қазақ университеті. 2014.
2. Новая история. Под редакцией И.С. Галкина, Н.Е. Застенкера, [В.М. Хвостова]. Изд. 2-е, исправленное и дополненное. М. Изд-во "Высшая школа". -Москва, 1973 г. -683с.
3. *Новая история стран Европы и Америки.* Под ред. Кривогуза И.М. 5-е изд., стер. - Москва: 2005. - 911 с.
4. Юровский Е.Е. Полтавский М.А. Застенкер Н.Е. Новая история. -Москва, 1972. -776 с.
5. Юровский Е.Е., Полтавский М.А., Кривогуз И.М. Новая история. -Москва 1983. -399 с.
6. Шпотов Б.М. Краткая история США. –Москва, 1993. 240 с.
7. Юровской Е.Е. Новая история. (II период). -Москва, 1976 г. 542 с.
8. Вагин А. А. Хрестоматия новой истории (1640-1917 гг.). -Москва, 1978. -272 с.
9. Ізтілеуов Қ. Жаңа заман тарихы. -Алматы, 1995 ж. -118 б.
10. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия; [бас редакторы Ә. Нысанбаев; редакция алқасы: Т.Б. Рсаев, Б.Қ. Жүнісова, Ғ.Қ. Егеубаев]. 1-том. -Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998. - 719 б.
11. Булгакова Д.А., Истаев А.Ж. Жалпы тарих (оқу-әдістемелік құрал). -Алматы: Заң әдебиеті, 2004. -222 б.

REFERENCES

1. Petrenko A. Progressus capitalismi in USA: industrializationis et problematum socialium. - Almaty: Universitas Kazakh. 2014.
2. Novae historia. Editio I.S. Galkin, N.Zastenker, [V.M. Khvostov]. 2ascendit, qui dispergat, contra te. M. libellorum domus "superior schola". Moscva, 1973, 683 p.
3. Nova historia nationum Europae et Americae. Editio: Krivoguza I.M. 5.ed. ha ha ha. - Moscva: 2005. - 911 p.
4. Yurovsky E.E. Poltavsky M.A. Zastenker N.E. Novae historiae. - Moscva, 1972.-776 p.
5. Yurovsky E.E., Poltavsky M.A., Krivoguz I.M. Novae historiae. - Moscva, 1983. -399 p.
6. Shpotov B.M. Kratkaya hisroria USA. - Moscva, 1993. 240 p.

7. Yurovskoy E.E. *Novae historiae*. (II period). - Moscva, 1976, 542 p.
8. Vagina A.A. *nthologia historiae modernae* (1640-1917). Moscva, 1978. -272 p.
9. Iztleuov K. *Historya Recentiorum temporum*. - Almaty, 1995-118 p.
10. Kazakhstan: *Ulttyk Encyclopedia*; [editor-in-dux A. Nysanbayev; editorial tabula: T.B. Rsaev, B.K. Zhunusova, G. K. Egeubaev]. 1 Tom. *Vicipaedia: Kazakh Encyclopaedia*, 1998. 719 p.
11. Bulgakova D.A., Istaev A.J. *Jalpy taryh (oku-adistemelyk kural)*. Almaty: Zan adebyety, 2004. 222 p.

УДК 958.4

Салгараев Марат Турганбаевич

PhD, ст. преподаватель

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г.Туркестан) E-mail: marat.salgaraev@ayu.edu.kz

Кожа Мухтар Бакадырулы

д.и.н., ассоц. проф.

Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г.Туркестан) <https://orcid.org/0000-0001-9619-7968>

ФОРМЫ И МЕТОДЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ДРЕВНЕГО КАЗАХСТАНА ПО АНТИЧНЫМ ИСТОЧНИКАМ

Аннотация. Целью высшего образования Республики Казахстан является подготовка учителей, обладающих профессиональной, коммуникативной, речевой, информационной, межкультурной, телекоммуникационной компетенцией, креативным потенциалом и абстрактным мышлением. В связи с этим возникает необходимость превращения образовательной среды высшей школы в единое творчески развивающее образовательное пространство, способствующее формированию коммуникативной компетенции как фактора успешной самореализации в профессиональной деятельности.

Обретение независимости нашей страны требует кардинальных изменений в сфере образования. В первую очередь такие преобразования необходимы в средних образовательных школах и высших учебных заведениях, где необходимы переходы к новой образовательной программе, осуществление которых дадут нам достижение нового уровня образованности отдельной личности и общества в целом.

Формирование исследовательской компетентности у будущих учителей истории путем приобщения их к научному творчеству является главной задачей высших и средних школ. Для этого необходимо подготовить квалифицированных учителей, отвечающие всем критериям требования общеобразовательного процесса.

Ключевые слова: скифы, античные источники, педагогический эксперимент, Геродот, «скифская триада», Анахарсис, первоскифы, глоктофаги, гиппомолги, кентавр.

Салгараев Марат Тұрғанбайұлы

PhD, аға оқытушы

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.) E-mail: marat.salgaraev@ayu.edu.kz

Қожа Мұхтар Бақадырұлы

т.ғ.д., қауым. профессор

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.)

ЕЖЕЛГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН АНТИКАЛЫҚ ДЕРЕККӨЗДЕР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУДІҢ НЫСАНДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Аннотация. Қазақстан Республикасының жоғары білімінің мақсаты кәсіби, коммуникативтік, сөйлеу, ақпараттық, мәдениетаралық, телекоммуникациялық құзыреттілігі, креативті әлеуеті және абстрактілі ойлауы бар мұғалімдерді даярлау болып

табылады. Осыған байланысты жоғары мектептің білім беру ортасын кәсіби қызметте өзін-өзі табысты жүзеге асырудың факторы ретінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруға ықпал ететін бірыңғай шығармашылық дамытушы білім беру кеңістігіне айналдыру қажеттілігі туындайды.

Еліміздің тәуелсіздігін алу білім беру саласында түбегейлі өзгерістерді талап етеді. Біріншіден, мұндай өзгерістер орта білім беру мектептері мен жоғары оқу орындарында қажет, мұнда жаңа білім беру бағдарламасына көшу қажет, оларды жүзеге асыру бізге жеке тұлға мен тұтастай қоғам үшін білім берудің жаңа деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Болашақ тарих мұғалімдерінің ғылыми шығармашылыққа баулу арқылы зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру жоғары және орта мектептердің басты міндеті болып табылады. Ол үшін жалпы білім беру процесінің барлық талаптарына сәйкес келетін білікті мұғалімдерді дайындау қажет.

Түйін сөздер: скифтер, антикалық дереккөздер, педагогикалық эксперимент, Геродот, "скиф триадасы", Анахарсис, ертескифтер, глоктофагтар, гиппомолгтар, кентавр.

Salgarayev M.

PhD, Senior lecturer

Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkistan)

E-mail: marat.salgaraev@ayu.edu.kz

Kozha Mukhtar

Doctor of Historical Sciences, Professor Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University (Kazakhstan, Turkistan)

FORMS AND METHODS OF STUDYING THE HISTORY OF ANCIENT KAZAKHSTAN BASED ON ANCIENT SOURCES

Annotation. The purpose of higher education in the Republic of Kazakhstan is to train teachers with professional, communicative, speech, information, intercultural, telecommunication competence, creative potential and abstract thinking. In this regard, there is a need to transform the educational environment of higher education into a single creatively developing educational space that promotes the formation of communicative competence as a factor of successful self-realization in professional activities.

The independence of our country requires fundamental changes in the field of education. First of all, such transformations are necessary in secondary schools and higher education institutions, where transitions to a new educational program are necessary, the implementation of which will give us a new level of education for individuals and society as a whole.

The formation of research competence among future history teachers by introducing them to scientific creativity is the main task of higher and secondary schools. To do this, it is necessary to train qualified teachers who meet all the criteria of the requirements of the general education process.

Keywords: Scythians, ancient sources, pedagogical experiment, Herodotus, "Scythian triad", Anacharsis, Pervoscythians, glocktophagi, Hippomolgi, centaur.

Введение. Как подчеркнул глава государства Н.А.Назарбаев в своем послании к народу, с целью расширения доступности образования для молодого поколения, важно внедрять современные методы и технологии в образовательную систему.

Будущий учитель истории должен быть образован и опытен для эффективной деятельности в предметной области, свободно владеть коммуникативными механизмами, приемами и стратегиями, необходимыми для обеспечения общения с личностями, владеть

способностями целесообразно действовать с поставленной задачей, находить методы разрешения разных прочих задач и проблем связанных с профессиональной деятельностью, находить технические приемы при общения с личностями.

Использованные нами активные методы обучения предполагают использование такой системы методов, которая направлена главным образом, не на изложение преподавателем готовых знаний и их воспроизведение, а на самостоятельное овладение студентами знаний в процессе активной познавательной деятельности.

Методисты при работе с историческими документами выявили три уровня познавательной деятельности: воспроизводящий, преобразующий и творческо-поисковый.

Первый уровень – воспроизводящий, предполагает ознакомление содержания документа, основных понятий, определений, выводов, уточнений, заполнение обучающимся разного типа схем и таблиц по разбору документа, составление простого плана и т.д.

Второй уровень – преобразующий, предполагает рассказ обучающего по документу, анализа содержания текста, выявление основной идеи, вывода, сравнительного синтеза источника с прочими теоретическими материалами, составление развернутого плана, тезисов, конспекта, подготовку написания рефератов, докладов, научных статей и т.д.

Третий уровень – творческо-поисковый предлагает обучающему познавательные задания, требующие обдумывание и сравнения точек зрения мыслителей, сравнения нескольких документов, доказательства исторических событий путем применения письменных документов, систематизации по какой-либо теме, поисковой деятельности исторических документов, подготовки написания творческих сочинений, эссе и т.д.

Если в 1-2 курсах использовать задания первого и второго уровня, то в 3-4 курсах целесообразно применять третий творческо-поисковый уровень. Интерес к истории у обучающихся проявляется лучше и быстрее посредством письменных источников. Раскрытие новых фактов конкретного исторического события посредством документов позволяет обучающему по иному почувствовать психологию и социально-экономическую самобытность общества прошлых времен. Такой метод обучения активизирует процесс мышления и воображения, что способствует более глубокому усвоению исторических знаний. У обучающихся будет нарастать желание самостоятельно знакомиться с документами, анализировать и извлекать информацию, рассуждать и умение передавать содержания документов прошлого и настоящего. Но самое главное это то, что каждый обучающиеся будет понимать всю значимость и важность документов для исторической науки.

Педагогический эксперимент включал первый и второй уровни формирования познавательной деятельности студентов. При проведение педагогического эксперимента мы использовали несколько методов (метод дискуссий, «блиц-турнир», «историческая география» и т.д.). Метод дискуссий сформировал у студентов навыки высказывать свою точку зрения, строить и отстаивать свои гипотезы, оспаривать рассуждения других. Дискуссионный метод обучения - это метод, нуждающийся в четкой организации в составлении плана его проведения.

Для повышения интереса студентов к элективному курсу, мы использовали также занятия в виде игр и викторин. Это вид метода в педагогическом эксперименте способствовал активизации учебно-воспитательного процесса, соперничества и конкуренции в скорости и более пояснительного ответа, способствовал интересам творческого мышления и проявления у студентов навыков к определенной категории знаний элективного курса. В педагогическом эксперименте мы также использовали метод «Блиц-турнир». В применении данного метода, мы разделили всю группу на два и больше команд и дали общее конкретное задание, заключающее в себе узкую актуальную цель. Метод усовершенствовал у студентов навыки быстрого восприятия задания и скоростного четкого пояснительного ответа.

Методы проведения занятий в педагогическом эксперименте. В педагогическом эксперименте самым сложным методом являлся метод «Историческая география». Сложность проявилась в топонимике элективного курса. Студент на занятии не только находил и показывал географические объекты на карте (городища, горы, реки, озера, моря и пр.), но и называл его древнее название.

Ниже приведем некоторые примеры заданий, которые способствовали формированию когнитивных, деятельностных, коммуникативных и личностных компетенций будущих учителей истории. Для начала студентам были предложены легкие задания в виде кроссвордов на разные темы:



Рисунок 8

В педагогическом эксперименте, в качестве заданий, студенты самостоятельно составляли тематические таблицы и схемы, в ходе которого они совершали логические операции – анализ, синтез, сравнение, умение преобразовать и обобщить исторический материал, привести его в систему и графически обобщить. Но при некотором сходстве, таблицы и схемы имели ярко выраженные различия. Например:

Таблица 9 - Задание 1. Заполните таблицу «Исторические источники (скифы)»

Вещественные	Письменные	Устные	Произведения искусства

Таблица 10 - Задание 2. Заполните таблицу «Скифские городища»

Название городища	Площадь, га	Место нахождения / время существования / краткая характеристика

Таблица 11 - Задание 3. Заполните таблицу «Скифские цари»

Мифические скифские цари	Ранние скифские цари	Поздние скифские цари

Таблица 12 - Задание 4. Заполните таблицу «Скифские сражения»

Сражения с греками	Сражения с персами	Сражения с римлянами	Сражения с другими народами

Таблица 13 - Задание 5. Заполните таблицу «Особенности скифской культуры»

«Скифская триада»	Религиозное воззрение скифов	Культурные достижения в ремесле

В ходе педагогического эксперимента нами была разработана таблица с категориями, касающиеся истории скифов. Все студенты эксперимента прошли это задание. Оно заключалось в следующем: каждому студенту или команде задавались 10 вопросов или ассоциаций, связанный с этими категориями. Студенты лишь выбирали правильный вариант из перечисленных деятелей, терминов, этнонимов и мифических

образов. Студентов оценивали в зависимости от скорости их правильного выбора, возможного пояснения и дополнения к ответу.

Например, Вопрос: Его настоящее имя Алп Ер Тонга. Правильный ответ: Афрасиаб. Или же не вопрос, а ассоциация: «Эйорпата». Ответ: Амазонки. Особенность метода заключалась в том, что вопросы и ассоциации были не сложные, но сущность состояла в скорости восприятия студентами задания и быстроты нахождения нужного варианта ответа. Таким методом, на одном занятии мы оценивали большое число студентов.

Таблица 14 - Задание 6. «Блиц-турнир»

Деятели	Термины	Этнонимы	Мифические образы
Атей	Пассионарность	Скифы	Амазонки
Иданфирс	Скифология	Сарматы	Кентавры
Томирис	Деспотия	Аримаспы	Гиппомолги
Мадиус	Номадизм	Исседоны	Данайцы
Спитамен	Нумизматика	Гиппербореи	Глоктофаги
Аристей	Сфрагистика	Аргиппеи	Гиппоподы
Геродот	Античность	Массагеты	Гиппофаги
Афрасиаб	Монархия	Сколоты	Абии
Фирдоуси	Идентификация	Тиграуды	Гипперборейцы
Гомер	Коалиция	Хаомаварги	Гелон
Скилур	Ямная культура	Дахи	Агафирс
Анахарсис	Срубная культура	Борисфениты	Геракл
Абарис	Катакомбная культура	Эллины	Ахиллес
Токсарис	Суперэтнос	Ассирийцы	Таргитай
Ишпакай	Субэтнос	Персы	Липоксай
Партатуа	Этнос	Мидийцы	Арпоксай
Страбон	Рапсоды	Фракийцы	Колаксай
Диоген Лаэртский	Эллинизм	Македонцы	Данай
Махмуд Кашгари	Мифология	Гунны	Циклоп

В ходе педагогического эксперимента, во всех занятиях проводились работы с исторической картой. Каждый студент на одном занятии находил и показывал минимум по пять исторических объектов. На таблице показан примерный образец:

Таблица 15 - Задание 7. «Историческая география»

Древнее название 1	Современное название 2
Канн	Самарканд
Анн	Бухара
Эсхата	Прим. в Ферганской долине
Джейхун	Амударья
Сейхун	Сырдарья
Геллеспонт	Дарданеллы
Босфор	Босфор
Меотийское море	Азовское море
Киммерийское море	Черное море
Аркаим	Челябинская область
Гиркания	Южное побережье Каспийского моря
Рипейские горы	Уральские горы
Таврида	Крым, Крымский полуостров
Арианама	Разные версии
Туран	Разные версии
Скифия	Северное побережье Черного моря
Гипперборея	Разные версии
Окс	Амудария
Борисфен	Днепр
Ра	Волга

Аракс	В древности ошибочно имели в виду Амударью
Яксарт	Сырдарья
Истр	Дунай
Танаис	Дон
Гипанис	Левый буг
Эллада	Южная часть Балканского п-ва
Ольвия	Керчь

В работе с исторической картой, студентов также оценивали в зависимости от скорости нахождения и угадывания древнего названия объекта. Кроме того, студенты составляли разные по характеру тематические схемы, содержание которых обсуждались на занятиях в виде дискуссий и бесед:




Рисунок 9 - Крылатые выражения Анахарсиса

Античные мудрецы



Скифские мудрецы




Рисунок 10 - Сравнительный анализ античных и скифских мыслителей



Рисунок 11 - Ранние скифологи




Рисунок 12 - Первоскифы

Знаменитые скифские цари




Рисунок 13 - Скифские цари

Скифское вооружение



Рисунок 14 - Скифское вооружение



Рисунок 15 - Сравнительный анализ скифского и спартанского государства




Рисунок 16 - Зарубежные скифологи




Рисунок 17 - Основные проблемы изучения истории скифов

В педагогическом эксперименте составление студентами тематических схем и таблиц позволило им более обильно ознакомиться с историей скифов. Кроме того, обсуждение пояснения студентов к этим схемам выработала у студентов навыки и умения работать с античными источниками и трудами историков-скифологов.

Одним из главных задач педагогического эксперимента являлись обучить студентов находить необходимые источники. Для этого, по определенной теме, студенты должны были найти описания античных авторов по социально-экономической и политической истории скифов. Например:

Задание 8. Дайте характеристику скифской повозки. Согласно научным исследованиям скифы вели кочевой образ жизни. Их жилища на повозках Гиппократ описывает согласно рисунку 18.

Там живут скифы, называют же их номадами, потому что они не имеют никаких домов, а живут в повозках. Самые малые повозки на 4 колесах, а остальные—на 6; сверху они обтянуты войлоком, но есть и сделанные наподобие домов, одни двойные, а другие тройные; они же служат защитой от дождя, снега и ветров. Повозки эти тянут две пары, а иные три пары безрогих быков (рогов они не имеют вследствие холода). В этих повозках проводят жизнь женщины с детьми, а сами мужчины едут на лошадях. За ними следуют стада овец, коровы и лошади.

Рисунок 18 – Фрагмент страницы 298 труда Гиппократа
Примечание – Источник [1]

Таким образом, изучая содержание трудов античных авторов, студенты самостоятельно выявляли особенности скифской истории.

Виды занятия. В педагогическом эксперименте виды занятий, применяемые педагогическими методами для формирования когнитивных, деятельностных, коммуникативных и личностных компетенций будущих учителей истории, мы разделили на следующие группы:

1. Занятия для развития навыков у студентов восприятия информации. Преподаватель, при проведении лекционных занятий, обеспечил студентов исторической литературы, доступные в вузовской библиотеке, в электронных ресурсах, а также учебным пособием, предназначенного для спецкурса.

2. Занятия для развития навыков у студентов передачи подготовленного материала. Студенты проявляли свои способности и навыки на семинарских и самостоятельных занятиях. При этом, ответы студентов учитывались по определенным критериям: правильная постановка, подход, раскрытие и передача задания, правильное раскрытие целей и задачи проблемы, самостоятельный анализ рассмотрения проблемы, выводы и заключения.

3. Занятия для развития у студентов способностей работать с исторической литературой, античными письменными источниками, с трудами историков-скифологов. Преподаватель, при передачи какой-либо исторической информации, правильно поставил перед собой и студентами цель и задачи проблемы. При этом, мы учитывали разносторонние методы студентов в рассуждениях поставленной задачи. В результате, студенты выявляли у себя способности самостоятельного поиска исторической информации.

4. Занятие для развития у студентов навыков работы с историческими терминами, этнонимами, топонимикой и исторической картой. Преподаватель, для самостоятельной работы, каждому студенту давал задание составить глоссарий и таблицу с этнонимами и топонимами по пройденному материалу. Для усовершенствования работы с картой,

преподаватель вначале, четко определил географические рамки спецкурса, ознакомил студентов с климатическими условиями и географической средой данной территории, затем каждому студенту, в плане самостоятельных работ, было дано задание проделать таблицу с современными и древними названиями географических объектов этой территории.

В ходе нашего исследования в педагогического эксперименте в целях формирования когнитивных, деятельностных, коммуникативных и личностных компетенций будущих учителей истории, в процессе обучения элективного курса «История древнего мира (Изучение истории скифов по античным письменам (древнегреческие и римские))» нами было разработано и использовано учебное пособие по теме «Изучение истории скифов по античным письменам (древнегреческие и римские))».

Методы работы с источниками. В педагогическом эксперименте мы ставили задачу, что документ для урока должен соответствовать целям и задачам обучения истории, отражать основные факты и события периода истории, иметь связь с учебным материалом, быть доступным обучающим по содержанию и объему, содержать бытовые и сюжетные подробности, обладать литературным и научно-познавательным характером и т.д.

При работе с историческими текстами, мы выделяли следующие основные методы: чтение и анализ, выписки определений понятий, основных положений, выявление основной идеи, комментированное чтение, коллективный разбор текста, формулирование вопросов к тексту, обобщение теоретического материала, анализ аргументации авторов, сравнение какого-либо документа с несколькими источниками, формулирование обобщенных выводов и т.д.

К.Д. Ушинский считал сравнение важнейшим методом истории. Он писал так: «Следует беспрестанно прибегать к сравнениям, имея постоянно ввиду, что только сравнение выдвигает наружу все особенности предмета и запечатлевает их в душе». «Вещи познаются по сравнению». «Сравнение есть основа всякого понимания и всякого мышления. Все в мире мы узнаем не иначе, как через сравнение».

Чтобы дать характеристику по определенным темам истории, мы прежде всего, отобрали именно характерные (отличительные) черты истории данной страны или государства. Этот отбор мы сделали путем сравнения, сопоставления с историей определенных стран или определенного времени. Только таким путем, с применением сравнительного метода, мы создали исторические характеристики, улавливающие историческую специфику.

В рамках учебной практики.

Учебные практики, при обучении будущих учителей истории, мы осуществляли в соответствии с организацией общей стратегии учебного процесса в ВУЗе, с основным содержанием программ и профессиональными направлениями обучающихся (учитель истории, историк-исследователь).

В ходе учебного процесса в высших учебных заведениях для обучающихся для нас была очень важна организация работы с письменными и археологическими источниками.

В нашем случае, мы рассматривали проблему касательно тех обучающихся, заинтересовавшихся античной историей. Именно этот раздел всемирной истории тесно связан со многими историческими дисциплинами такими как: археология, этнология, источниковедение, историография, антропология, фольклор, вспомогательные исторические дисциплины (метрология, ономастика, текстология, палеография, баллистика и пр.). Именно этот раздел истории с каждым годом раскрывает все новые исторические факты.

На данном этапе в разделе античной истории в недостаточной степени изучены исторические факты, связанные с историей скифов. Именно эти народы сумели создать соевравную цивилизацию на стыке эллинского, римского и переднеазиатского миров.

Античные авторы более чем достаточно оставили письменные отголоски об этих удивительных народах. И почти все исторические сведения о скифах отзывались о них лишь с положительной стороны.

Историческая наука зародилась еще в древности за много веков до н.э. Первыми зачинателями исторической мысли были древнегреческие авторы как Геродот, Платон, Аристотель и прочие. Именно в трудах античных авторов упоминаются ранние сведения о скифах. Поэтому, при проведении педагогического эксперимента, главенствующую роль сыграли письменные источники.

В педагогическом эксперименте студенты, при изучении письменных источников, освоили интегральную научную дисциплину ономастику, которая в свою очередь разделяется на множество разделов таких как: топонимика, антропонимика, теонимика, этнонимика и пр. Без освоения этих дисциплин считается невозможным исследовать письменные данные. Ведь на протяжении многих веков почти все географические местности, имена людей и племен подверглись сильному изменению впоследствии влияния многих цивилизаций в процессе исторических событий. Таким образом, многие названия местностей и имен людей и народов, встречающихся в письменных источниках почти полностью не идентичны современным названиям. Например, у Гомера при описании скифов встречаются такие термины как «голоктофаги» (млекоеды), «гиппомолги» (доители кобылиц), «гиппоподы» (коненосы), «абии» (лучники), значение которых раскрывает суть и характер этих народов. У Геродота в четвертой книге «Истории» встречаются имена первоскифов: «Таргитай», «Липоксай», «Арпоксай» и «Колаксай», при разборе которых, также используется интегральная научная дисциплина. Точно также, у Геродота имеются описания скифских рек: Борисфен – Днепр, Танаис – Дон, Гипанис – Буг и пр., современные названия которых раскрыты путем потамоники – одного из классов топонимов. То есть все географические названия, имена людей, богов, народов и племен раскрываются этой дисциплиной.

Письменные источники считаются достоверными, если эти сведения подтверждаются другими письменными источниками, а также археологическими находками. Например, письменные данные Гомера были подтверждены Гесиодом, данные Геродота Страбоном и другими античными авторами. Многие античные авторы, современники скифов, идентифицировали киммерийцев со скифами. Археологические данные также подтверждают генетическое сходство этих древних народов.

К археологическим источникам относятся могильники, стоянки, оружие, доспехи, фортификация, ремесленные и ювелирные изделия и пр. Так как скифы в основном считались воинственными скотоводами, при археологических раскопках часто встречаются останки вещей связанные с скотоводческим хозяйством и военным делом. При этом студенты усвершенствовали навыки различать военные специализированные оружия от неспециализированного орудия. Таким образом, археологические находки связанные с оружием разделили на три категории:

- специализированное оружие (мечи, копья, щиты, доспехи и пр.);
- неспециализированное оружие (лук и стрелы, топор, ножи и пр.);
- оружие случайного использования (камень, палка и пр.).

Для обучающего вставал вопрос: как отличить боевые орудия от хозяйственных? Каким образом археология отличает их друг от друга? Для этого, в ходе педагогического эксперимента, рассмотрели следующие категории:

1. Типологический анализ орудий по следам его использования на скелетных останках.
2. Орудия, использования которых встречается в письменных источниках (например, стрелы, дротик, копье).

3. Объекты, использованные в виде орудия, функции которых чрезвычайно затруднительно или вовсе невозможно, хотя и встречаются в процессе археологических раскопок (например, камни, пращи).

4. Виды орудий, сделанные из непрочных материалов, не оставляющие археологических следов, хотя и встречаются в письменных источниках и на орнаменте других вещественных материалов (изделия из кожи, дерева и пр.).

Для бронзового и раннежелезного веков было присуще в основном изготовление специализированных и неспециализированных видов оружия из металлов (мечи, топоры, ножи, копья и пр.).

Важное значение, в ходе педагогического эксперимента, имели древние могильники, насыпи, рвы и курганы. Эти данные свидетельствуют о классовом расслоении скифского общества, о военном характере и централизованном устройстве государства [2, 33-36].

Иконографические источники рассматривают наскальные изображения, изображения на сосудах и статуэтках, на ювелирных изделиях и пр. Например, скифы изображали на сосудах и ювелирных изделиях, в основном, домашний скот и диких животных. Это было связано с звериным стилем, присущее только им. В ходе педагогического эксперимента, при исследовании таких источников для обучающего сложность представлялась в хронологии такого изображения. Другая проблема касалась сохранности определенных ритуальных вещей, которые являлись как предмет искусства, так и функциональным обиходом.

Для обучающего, в ходе педагогического эксперимента, также были важны *антропологические источники*. Антропология подразделяется на два больших раздела: физическую и культурную. Физическая антропология изучает физическое строение человека, проблему происхождения, расселения и пр. Первая часть антропологических данных предоставляют сведения об общем облике скифов: их роста, телосложения, цвета кожи, контуре лица, глаз, лба и пр. Кроме того, антропология выявляет причины насильственной смерти в процессе войны, тем самым определяя вооружение вражеских сил. Этот источник также определяет степень медицинских навыков у скифов в ходе полученных ран на войне или охоте. Вместе с тем, антропология определяет гаплогруппу этих племен, идентифицируя с современными родственными народами.

Культурная антропология изучает хозяйственный быт, социальные системы, традиции и обычаи, религиозное воззрение, идеологические представления, психологический характер и нравственное состояние скифов. В большинстве случаев сведения о культурной антропологии встречаются в письменных источниках. В античных источниках нередко встречаются изложения о нравах и обычаях скифов [3, 244-247]. Часто скифов описывали как самых благородных, отважных, гостеприимных и т.д.

Таким образом, в ходе педагогического эксперимента, обучающиеся пришли к выводу, что физическая антропология в основном связана с археологией (останки человека), а культурная антропология с письменными источниками, фольклором, этнографией и т.д.

Однако, археологические, антропологические и иконографические источники дают ограниченную информацию, и касаются лишь некоторых отдельных аспектов хозяйственного и военного дела скифов, этнографические и письменные источники позволяют рассмотреть и проанализировать жизненный уклад скифов как целостное явление.

Для студентов, в ходе педагогического эксперимента, была важна та часть письменной информации, в котором изложение производилось внескифского мира, то есть не самими скифами, а например эллинами или персами. Дело в том, что информация, полученная самими скифами может быть искажена какими-либо причинами. Например, численность армии Дария I во время скифского похода была преувеличена самими

персами. Поэтому при изучении социально-экономической, культурной жизни скифов античные источники имеют важное значение.

Вместе с тем, в педагогическом эксперименте, для студентов был важен тот факт, что в условиях контактов с другими цивилизациями скифская цивилизация со временем изменялась. Лишь этнографические данные прослеживают это изменение. В именах скифских царей, богов в исторической эволюции скифов прослеживаются оттенки многих цивилизаций: эллинской, персидской, римской и пр. Например, многие иранисты, проследивая историю скифов с III века до н.э., хотя этот период времени считается периодом смещения скифских народов более поздними иранскими племенами, убеждены, в том, что они были носителями иранского говора.

В ходе педагогического эксперимента, наряду с письменными сведениями важное место занимали *фольклорные источники*. Часто фольклор содержит весьма красочные и преувеличенные описания героических поступков, битв, красоты и пр. В этом случае для студентов были полезны знания интегральной исторической дисциплины. Только в этом случае, они сумели определить время давности того или иного эпоса. Поэтому фольклорные источники были важны лишь тем, что в них студенты встречали древние названия географических местностей и персонажей, идентичные реальным героям и событиям.

Изучение фольклорных источников преподнес для студентов возможность сравнивать и находить идентификацию древних мифов и эпосов, хотя имена персонажей и географических местностей не схожи друг с другом. Так например, в греческой мифологии встречается образ кентавра – наполовину человек и наполовину лошадь, что в переводе означает – «погонщик быков». Образ и значение слова идентичны хозяйственному укладу скифов. Другой пример произведение Гомера «Одиссей» и древний тюркский эпос «Алпамыс». Имена людей и название географических местностей в этих произведениях полностью не совпадают, но конечный результат сюжетов очень схожен друг с другом.

В педагогическом эксперименте, большую точку в изучении истории скифов ставили *лингвистические источники*. Для работы с лингвистическими данными студентам был необходим весь комплекс исторических знаний, позволяющий реконструировать достаточно полные списки лексики, использовавшиеся в давние эпохи. Это разные прочие слова при разборе которых обучающиеся находил корневые значения, относящиеся к какому-либо языку. Например, слово, использовавшие эллины в давние времена по отношению к скифам «скафис», что в переводе означает маслособойник, схожен и даже идентичен к современному тюркскому слову «күбі», который также означает этот предмет.

Учебная конференция, в ходе педагогического эксперимента, являлась организационной формой обучения, которая обеспечивала педагогическое взаимодействие преподавателя и обучающихся при максимальной самостоятельности и активности последних.

Конференция была направлена на расширение, закрепление и совершенствование знаний. Форма обучения выявляла большие воспитательные возможности. В общении и коллективной познавательной деятельности сформировались установки личности, прояснялись ее позиции, укреплялись убеждения, развивалось профессиональное мышление.

Во время подготовки к проведению конференции, студенты имели возможность продемонстрировать все виды психологической активности:- надситуативную (способность обучающегося подниматься над уровнем требований ситуации, ставить цели избыточные с точки зрения исходной задачи);- сверхнормативную (стремление обучающегося превысить предъявляемые нормативные требования);- поисковую (поведение, направленное на изменение ситуации); - репродуктивно-отражательную

(усвоение через опыт другого);- поисково-исполнительную (принятие задачи и самостоятельный поиск средств ее выполнения);- творческую (предполагающую собственную постановку задачи, выбор новых, оригинальных путей ее решения).

Участие обучающихся в подготовке и проведении конференции дала возможность самооценки деятельности личности в коллективном труде, возможность увидеть свои сильные и слабые стороны.

В ходе педагогического эксперимента была организована учебная конференция по формированию исследовательских компетенций будущих учителей истории на тему: «Актуальные проблемы скифской истории». Были заслушаны доклады:

1. Этноним скифы и его упоминание
2. Некоторые этапы истории скифов
3. Скифская культура
4. Скифское общество и его упадок
5. Военное искусство скифов и социальный уклад жизни.
6. Особенности «скифской триады».

Закключение. Обобщая вышеизложенное, мы пришли к заключению, что современные методы обучения древней истории усовершенствуют возможность преподавателя скорректировать историческую информацию, в соответствии со структурой, функциями, содержанием, целями и задачами обучения в данной конкретной группе обучающихся. Преподаватель, занимающийся интеграцией методов обучения, сама по себе личность неординарная, творческая, отличающаяся гибкостью ума и толерантностью в общении как со студентами, так и с коллегами, так как эта система предусматривает интеграцию учебных предметов, исторических наук и сотрудничество преподавателей. Более того, само содержание образования по истории демонстрирует интеграцию знаний во всех областях мировой культуры.

Таким образом, мы попытались конкретизировать личностно-ориентированные, развивающие методы, способствующие успешному формированию познавательных качеств будущего учителя истории.

Подводя итоги исследований по теме данного параграфа можно сделать определенные выводы по результатам опытно-педагогической работы.

Методика дифференцированных и индивидуализированных заданий при определенной их мотивации значительно повысила интерес студентов к продуктивной познавательной деятельности, включая личностные механизмы, способствовала активизации процесса профессионального становления будущих учителей истории, стимулировала постановку задач саморазвития и самосовершенствования – необходимые компоненты творческой личности будущего учителя истории.

Нами выяснено, что обязательным условием системного подхода в рамках формирования познавательности, является использование личностно-ориентированных, развивающих методов, активизирующих проблемно-аналитические мыслительные действия, развивая тем самым, критическое, творческое мышление. Основным средством при этом должны выступать творческие задачи, под которым мы понимали полный цикл продуктивного мышления студента, включающий постановку, формулировку задачи самим субъектом при предъявлении ему заданий, условия которых имели проблемный характер, в соответствующей творческой образовательной технологии.

Можно утверждать, что внедрение разработанной нами методики формирования познавательных качеств будущих учителей истории на основе личностно-ориентированной парадигмы и учебно-методического материала, в том числе, включая образовательную среду, личностно-ориентированные, развивающие технологии, обеспечивающие практическую реализацию методов, позволило эффективному формированию познавательных качеств у будущих учителей истории, как межпредметной

и личностной категории и получить положительные результаты по избранному исследовательскому направлению.

ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА

1. Гиппократ. Избранные книги. – М.: ОГИЗ БИОМЕДГИЗ, 1936. – 736 с.
2. Шнирельман В.А. Война и мир в ранней истории человечества // В 2 т. У Истоков войны. – М.: Институт этнологии и археологии РАН, 1994. - Т.1. – 162 с.
3. Салгараев М.Т., Турсун Х.М. Исторический анализ изучения антропологии скифов // Вестник КазНПУ имени Абая: серия «Исторические и социально-политические науки». - Алматы, 2016. - №3(50). – С. 244-247.

REFERENCES

1. Hippokrat. Izbrannyye knigi. – M.: OGIZ BIOMEDGIZ, 1936. – 736 s.
2. Shnirel'man V.A. Voyna i mir v ranney istorii chelovechestva // V 2 t. U Istokov voyny. – M.: Institut etnologii i arkheologii RAN, 1994. - T.1. – 162 s.
3. Salgarayev M.T., Tursun KH.M. Istoricheskiy analiz izucheniya antropologii skifov // Vestnik KazNPU imeni Abaya: seriya «Istoricheskiye i sotsial'no-politicheskiye nauki». - Almaty, 2016. - №3(50). – S. 244-247.

ӘОК 93/94

Хазретәлі Тұрсұн

тарих ғылымдарының докторы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік-университеті Тарих кафедрасының профессоры. (Қазақстан. Түркістан қаласы)
khazretali.tursun@ayu.edu.kz <https://orcid.org/0000-0002-8610-522X>

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ АЛАШ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ

Аннотация. Мақала Әлихан Бөкейхановтың саяси көшбасшы ретінде Түркістан өлкесіндегі қоғамдық-саяси процестерге идеялық ықпалын анықтауға арналған. Қайраткердің тұлғааралық байланыстары мен саяси көзқарастарына баға беріледі. Оның Алаш қозғалысының көшбасшысы ретіндегі қызметі қазақ облыстары аумағымен шектеліп қалмай, Түркістан өлкесіндегі ұлт-азаттық қозғалысқа да идеялық басшылық жасады деген қорытынты тұжырым жасалады. Өлкеде құрылған Түркістан Мұхтариатының құрылуы мен қызметіне жасаған идеялық ықпалы талданады.

Кілтті сөздер. Алаш қозғалысының Түркістан қанаты; этноэлита; саяси көшбасшы.

Хазретәлі Тұрсун

доктор исторических наук профессор кафедры истории Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмета Ясави. Казахстан. город Туркестан.
khazretali.tursun@ayu.edu.kz

АЛИХАН БУКЕЙХАНОВ ЛИДЕР ДВИЖЕНИЯ АЛАШ И ТУРКЕСТАН

Аннотация. Целью статьи является определение идеологического влияния Алихана Букейханова как политического лидера на общественно-политические процессы в Туркестанском крае. Оцениваются межличностные отношения и политические взгляды персонажа. Делается вывод, что его деятельность как лидера движения Алаш не ограничивалась территорией казахских областей, но и руководила национально-освободительным движением в Туркестанской области. Анализируется идеологическое влияние на создание и деятельность созданного в регионе Туркестанского мукхтариата.

Ключевые слова. Туркестанское крыло движения Алаш; этноэлита; политический лидер.

Khazretali Tursun

Doctor of Historical Sciences, Professor of the Department of History, International Kazakh-Turkish University named after Khoja Ahmet Yasawi. Kazakhstan. Turkestan.
khazretali.tursun@ayu.edu.kz

ALIKHAN BUKEIKHANOV LEADER OF ALASH AND TURKESTAN MOVEMENTS

Abstract. The article is intended to determine the ideological influence of Alikhan Bukeikhanov as a political leader on social and political processes in the Turkestan region. The interpersonal relations and political views of the character are evaluated. It is concluded that his activity as the leader of the Alash movement was not limited to the territory of the Kazakh regions, but also led the national liberation movement in the Turkestan region. The ideological

influence on the creation and activity of the Turkestan Mukhtariat created in the region is analyzed.

Keywords. Turkestan wing of Alash movement; ethno-elite; a political leader.

Кіріспе

Әлихан Бөкейхановтың ұлттық деңгейдегі саяси тұлға екендігін тарихи Ресейдің қазақ жерін бірнеше генерал-губернаторлыққа оқшаулаған саясатына қарсы қазақ елі мен жерінің тұтастығына қол жеткізуді басты бағдар еткендігінен көреміз. Ол ұлттық ауқыммен шектелмей Орталық Азия аумағындағы ұлт-азаттық қозғалыстарының дамуы мен қалыптасуына теориялық және идеялық тұрғыда елеулі ықпал еткен халықаралық деңгейдегі көрнекті саяси көшбасшыға айналды.

Алаштық үлгідегі саяси элита билеуші топқа айналып үлгермеді. 1917 ж. ақпан төңкерісіне дейін патша өкіметінің отарлық саясатының озбырлығына қарсы күрестің дәлелдерін негіздеп, оны ұлттық идея деңгейіне көтеруге жұмылдырылған жас ұлттық элитаның қызметі ақпан төңкерісінен соң сол ұлттық идеяны іске асыруға шұғыл кірісті. Қазақ елінің болашағын Уақытша Үкіметтің демократиялық реформаларымен байланыстырған ұлт зиялылары болыстық, уездік, облыстық қазақ съездерінде талқыланып, Жалпықазақ съездеріне ұсынған билік құрылымдарын қалыптастыру, саяси, әлеуметтік реформалардың бағыттарын белгілеуге қатысты ұсыныстарын Алаш партиясының бағдарламасы түрінде тұжырымдады.

Нәтижелер

Әлихан Ресей мемлекеттік Думасына депутат болып жүрген кезінде, Мұсылмандар фракциясындағы қызметінде де этникалық жағынан аса күрделі жағдайда болып, қазақ облыстарынан оқшауланған Түркістан мәселесін назардан тыс қалдырмады. Отарлық биліктің мақсатты түрде саяси, әкімшілік оқшаулауының нәтижесінде Түркістан өлкесі мен қазақ облыстарының арасындағы дәстүрлі байланыстар біртіндеп үзіле бергендігін атап айтуымыз керек. Осылайша Түркістан өлкесінің құрамындағы Жетісу және Сырдария облыстары мен Қазақ даласының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуында ұқсастықтармен бірге айырмашылықтар пайда болды.

Сол кездегі ұлттық элита арасында осы екі өлкені салыстыра қарастыру дәстүрі орын алған. «Жалғыз шапқан ат жүйрік» деген, екі өлкенің ілгері-кейінді деңгейі осылай салыстыру арқылы айқындалмақ. Кезінде Абайдың өзі екі өлке тұрғындарын кәсіпшілікті игеруі тұрғысында салыстыра отырып пікір айтқан. Абайдан соң екі өлкені саяси мүмкіндіктеріне қарай Ә.Бөкейханов та салыстырады. Ол Түркістанның саяси-әлеуметтік құрылымына терең талдау жасаған. Оның көзқарасын Түркістан өз алдына автономия болғанда қазақтың Түркістанға қосылуы дұрыс деген пікірге байланысты «Түркістан халқының қараңғылық һәм шебер адамы жоқтығы бізден он есе артық. Қазақ Түркістанмен бір автономия болса, автономия арбасына түйе мен есекті пар жеккен болады. Бұл арбаға мініп, біз қайда барамыз?» [1, б.263-264] деген пікірінен аңғарамыз. Ұлт көсемі бұл жерде Түркістанның саяси әлеуетін кемсітіп отырған жоқ, қайта Ақпан төңкерісінен соң өлкеде қалыптасқан нақты саяси-әлеуметтік ахуалды дөп басып айтып отыр деп бағалаймыз. Әрине, бұл пікір Түркістанның Сырдария, Жетісу облыстарынан басқа аймақтарға қарата айтылғанына назар аударуымыз керек.

Ендігі бір мәселе, Әлиханның жоғарыдағы сөзіне қатысты М.Дулатовтың түсіндірмесіне назар аударайық. Ол 1929 жылдың 30 қарашасында ОГПУ тергеушісіне берген жауабында «Бөкейханұлы Әлихан пікірі: Орта Азия болып (өзбек және басқалармен) бірігуге болмайды, оларда ескішілдік (консерватизм), діншілдік, дін жолында ұстағанынан айырмаушылық (религиозный фанатизм) күшті, оларды ишан, қожа-молда билеп келе жатқан халық, шарифат жолынан тез арада арылмайтын халық, шаруа түрі бізден басқа, мәдениет жолында бізден де төмен, сондықтан екі соқыр қол ұстасып жүріп күн көре алмаймыз дейтін пікірде болатын» [2, 41-42 pp] дегенді айтады.

Әйтсе де, Түркістан жағдайымен жақсы таныс М.Дулатов Түркістанға бұлайша сыңаржақ баға беруге қарсы. Бұл аймақтарда кеңес қоғамында атқарылып жатқан өзгерістерде бірінің жетістігін екіншісіне үлгі етеді. Мысал ретінде Түркістанды мекен еткен халықтардың арасында әйел теңдігі мәселесі күрделі екендігін айта отырып, Түркістан өкіметі де Қазақстан өкіметінің қалыңмалды жойған заң қабылдауын үлгіге алар деп үміттенеді. Осы сияқты Түркістанда коммунистік партияғамүше болмаса да кешегі ұлтшылдар кеңестік билікке қызмет етушілер бар екендігіне тоқталады. Солай дей отырып, Түркістандағы билік олардың біреуін де шетке қақпайтындығын айтады. «Міне біздің Қазақстандағы өкімет тізгінін қолына алып, ел билеп отырған ортақшыл азаматтарымыз осы Түркістан саясатын қолданса, ел де солардың соңында, партияға кірмей жүрген ұлтшылдар ма, ұлтсыздар ма - бәрі де бір тілек, бір тудың астына жиналуына біздің көзіміз жетеді» [3, б.34] деп жазады.

Алаш қайраткерлеріне кешірім жарияланған соң олардың бірқатары Ташкентте жарық көре бастаған «Ақ жол» газетінің төңірегіне топтасып, қазақ елі мен жерінің біртұтастығы идеясын ұлттықдеңгейге шығарып, баспасөз бетінде насихаттай бастады. А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейхановтардың да мақалаларын жарияланған газетте қызмет істеген М.Дулатовтың Түркістан мен қазақ жеріндегі биліктің ұлтқа жасаған игілікті істерін бір-біріне өнеге ету әрекеті құптауға лайық.

Әлихан Бөкейханов Алаш партиясы программасының жобасын жасаушылардың бірі ретінде осы программаның «Жер мәселесі» бөлімінде «Түркістанда жермен бірге су сыбағасы да кесілуі» керек деген ұстаным енгізеді [1, б.262]. Сонымен бірге Әлихан Түркістандағы қоныстандыру саясаты нәтижесінде қалыптасқан жер мәселесінің күрделілігіне де назар аударады. Ол «Жалпы Сібір съезі» атты шолу мақаласында «Түркістанда жер балалардың асығындай ауысады, жер пайдасын жергілікті жұрт көріп отырған жоқ, мәдени дәрежесі артық қулар көріп отырғандығын» [1, б.265] атап айтады.

Осы жерде атап өтетін бір мәселе, Орынбордағы шілде айында өткен Жалпықазақ съезінің тікелей ықпалымен (*съездің күн тәртібі мен қаралған мәселелері және қабылдаған шешімдеріне талдау жасай отырып осылай тұжырым жасай аламыз – Х.Т.*) өткен Ташкент қаласындағы 1917 жылдың 2-5 тамызындағы Өлкелік қырғыз (қазақ) съезінде жер мәселесіне қатысты Орынбор съезінің шешімдерінің барлық баптары кейбір толықтырулармен қабылданған. Соның ішінде толықтырулар қатарында «10-бап. Түркістанда қырғыздар жермен бірге жеткілікті көлемде сумен де қамтамасыз етілуі керек» [4, б.22] деген тұжырымды Әлихан идеясының нақты көрінісі деп қабылдауға болады. Әлихан негіздеген осы идея Түркістанда 1921-1922 жж. жер-су реформасын іске асыру барысында сәтті іске асты. Осы жер-су реформасын іске асыруда Түркістан АКСР Жер істері халкомы болып қызмет істеген С.Қожанов, Тұрақком мүшесі, ағартушы Қоңырқожа Қожықовтар ерекше қайраткерлік танытты. И.Сталин 1922 ж. 17 шілдесінде Зеленский мен Қожановқа арнаған жеделхатында «Рудзутактың үш қайтара шақыруынан түрлі себептермен жалтарған Қожанов Жетісуда көшіріп жіберу мен тұтқынға алуды жалғастыруда. Тез арада Жетісуда көшіріп жіберу атаулыны тоқтатып, Қожановты түсінік беру үшін Мәскеуге жіберіңіз» [5, Л.28.] деген тапсырма береді. Тартып алынған жерлерді қазақтарға қайтару туралы алаштық идеяны кеңестік биліктің ресми саясатына сүйеніп батыл іске асырған С.Қожановтың аталған әрекеті ұлттық мүддеге қызмет еткен жанкештілік болатын. Жеделхаттың пәрменімен Мәскеуге барған С.Қожанов Саяси Бюродан сөгіс алып оралады Ташкентке.

Түркістан Республикасы мен Қырғыз облысы арасында қарым-қатынас бірден жолға қойылып кете алмады. Түркістанда 1920 ж. кеңестік құрылыс, мемлекеттік аппарат біршама орнығып қалғанымен Түркатком мекемесі Қырғыз облысының кейбір мәселелеріне жауапсыз қарады. Бұл жағдай ондағы қазақ қызметкерлерінің қаперінен тыс жүргізілді. Мысалы, 1920 ж. тамыздың 24-інде Қырғыз обкомының жауапты қызметкер Әлібековтың қолымен Түркаткомға мына мазмұнда қатынас жіберілген: «14 қыркүйекте

қырғыз обкомы Орынборда Қырғыз өлкесінің жалпыға бірдей съезі өтетіндігі және оған Түркістанның қазақ тұрғындарынан әрбір 20 мың тұрғынға 1 делегаттан сайлап, съезге жіберуді» [6, 312 п] өтінеді. Бұл жеделхат Түркатком төралқасының (10.IX.1920) мәжілісінде арнайы қаралып, «жеделхатты кеш алуға байланысты сайлау өткізуге және Түркістан қырғыздарынан делегат жіберуге мүмкіндік жоқ» [6, 307 п] деген мазмұнда қаулы қабылдады. Бұл әрине екі елдің арасындағы байланысқа сызат түсіретін жағдай. Түркістанның билік құрылымдарындағы қазақ қызметкерлерінің бастамасымен екі ел арасындағы келіссөздер барысында бұндай келіспеушілікті жоюдың алғашқы әрекеті жасалды. Мысалы, Түркаткомның 1920 ж. 1 қыркүйегіндегі мәжілісінде Қырғыз республикасының өкілі Заромскийдің екі республикадағы жұмыстарды үйлестіру қажеттігі туралы баяндамасы бойынша алдағы уақытта бірлесе жұмыс жасау, саяси, әкімшілік және экономикалық қатынастарда тығыз байланыс орнату қажет деген шешім қабылданды [7, 159 п].

Ә.Бөкейханов төңірегіне пікірлестер мен мүдделестерді топтастыра алуы, қатардағы міндеттерден ең бастысын ажырата алатын көсемге тән харизмалық қасиеті болды. Осы орайда оның тұлғаларалық қатынастарына да назар аударайық. Мысалы, Әлихан – Нәзір Төреқұлов қатынасы назар аударуға тұрарлықтай. Олар 1916 жылдың соңында Минск қаласында кездесіп, жерлестік ұйымын құрды, сонда тылдағы қара жұсымысқа жегілген қазақ, қырғыз, өзбек жастарының арасында түрлі жұмыстар ұйымдастыра алды. Кейін кеңестік биліктің жоғары эшелонында қызмет еткен Н.Төреқұлов баяндамалары мен мақалаларында саяси және рухани ұстазы Ә.Бөкейхановты бір рет те болса айыптаған емес. Мәскеуде Шығыс халықтарының Орталық баспасының директоры лауазымында ұйқамақ жағдайындағы ұстазын баспаға қызметке тартып, материалдық қолдап, саяси қамқорлық жасан. Олардың осындай байланыстарын «Әлихан Бөкейханов қазір Мәскеуде Төреқұловтың жанында баспада қызмет істейді» [8] деп Т.Рысқұлов та И.Сталинге 1924 жылдың көктемінде жазған саяси доностарында ерекше мән беріп атап өтеді.

Әлихан бастаған бір топ қазақ зиялыларының 15 наурыз 1917 ж. Минск қаласынан «Қазақ» газеті арқылы жолдаған әйгілі жеделхаты шағын болғанымен оның мазмұны өте ауқымды. Жеделхат төңкерістен соң абдырап қалған қазақ жеріндегі саяси қозғалысқа бағыт сілтеген бағдарламалық құжат болды. Жеделхаттың географиялық аумағы қазақ облыстарымен бірге Түркістан өлкесін де қамтыды. Онда Тынышпаев, Бекқожа, Қожахмед, Юсуфбек, Түркістан қаласындағы Өтегенов, Қоқандағы Ақаев, Скобелевтағы Ғабдолрахман Оразаев, Ташкендегі Көтібаров, Андижандағы Қожықовтардың ата аталады. Бұл деректен Әлиханның Түркістанмен тығыз байланыста болғандығын аңғарамыз. Олардың арасында Қоқан қаласында 26 қарашада өткен Бүкілтүркістан мұсылмандарының съезінде Тынышпаев Түркістан Мұхтарияты Уақытша Үкіметінің төрағасы, Әбдірахман Оразаев халық комиссары болса, Серікбай Ақаев, Садық Өтегенов, Қоңырқожа Қожықовтар Мұхтарият Халық Кеңесінің мүшесі болып сайланған болатын. Аталған қайраткерлер мен Әлихан арасында бірін-бірі жақсы түсінген азаматтық сыйластықпен бірге саяси мүдделестік болғандығы аңғарылады. Бұл мүдделестік олардың арасында ұлттық бірлікке қатысты көптеген мәселелерді бірлесіп шешуге ықпал жасады.

«Қазақ» газетінің 1917 жылғы 255 санында Әлихан мен М.Шоқаевтың «Сырдария қазағының съезі» атты телеграммасы жарияланған [1, б.268]. Осы телеграммада «Екінші жалпы қазақ қырғыз съезі бүкіл Алаш баласын біріктіріп өз алдына автономия етуге қаулы қылды. Бұл туралы Түркістан қазағымен келісу үшін Алаш ордасы 5-нші январьда Түркістан шаһарына Сырдария облысының съезін шақыратындығы», съезге Алашорда атынан Бақыткерей Құлманов, Мирякуб Дулатов һәм Тұрағұл Құнанбаевтың» жіберілетіндегі хабарланған.

1918 ж. 4-9 қаңтарында Түркістан қаласында өткен Сырдария облысы қазақтарының съезіне Алаш Орда үкіметі өкілдерінің қатысуы оны Алаш қозғалысы ұйымдастырған ірі саяси шаралардың біріне айналдырды. Түркістан қазағын Алашқа қосу мәселесін

талқылаған съезд жөнінде «Сарыарқа» газетінде жарияланған «Алаш һәм Түркістан» мақаласында [9, 109-111 бб.] қатысушылардың тарапынан ұлттық идеяның толық қолдау тапқандығы жазылды. Алаштықтар көтерген бұл ұлттық идея 1924 жылғы ұлттық-территориялық межелеу кезінде кеңестік биліктің жоғары эшелонына тартылған алаштық рухтағы Сұлтанбек Қожанов сияқты қайраткерлердің тікелей араласуымен іске асты.

Алаштықтарға 1919 жылы кешірім жарияланған соң қазақтың бірқатар зиялылары Ташкенге жиналып халық ағарту, баспасөз саласында аса белсенді қызмет жасады. Тұрар Рысқұлов Жанша Досмұхамедовке ерекше қамқорлық жасаған болса, сол кезде Ағарту халкомы қызметіндегі С.Қожановтың М.Дулатовқа «Ақ жол» газетіне басшылыққа тартуы, М.Жұмабаевты Брюсов атындағы Әдебиет институтына оқуға жіберуі, І.Жансүгіровке «Ақ жолдың» қосымшасы «Сәуле» журналын басқартуы, Мырзағазы Есболовты, Х.Досмұхамедовты Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институтының оқытушылығына тартып, «Талап» қоғамын құруға араластыруы, тіпті Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдығын Ташкентте атап өткізуі сияқты жұмыстар ұлттық бірлік идеясына ұйыған қазақ зиялыларының мүдделестіктен туған ынтымағын танытады. С.Қожановтың архивтік тергеу істерінде оның тергеушіге берген жауаптарында бір қызықты мәлімет кездеседі. Ол тергеушіге «алаштық қайраткерлерді ТКП ОК хатшысы Нәзір Төреқұловтың тапсырмасы бойынша Түркістанға шақырып, оларды қызметке орналастырдым» деп жауап береді. Бұл қысқа ғана мәліметтен Н.Төреқұловтың Әлихан Бөкейханов сияқты ұстазымен тығыз, сол арқылы алаштық қайраткерлермен рухани байланысының болғандығы аңғарылады.

Түркістан АКСР Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары С.Қожанов пен ТАКСР Халкомкеңесінің төрағасы Т.Рысқұлов 1922 жылдың қазан айының соңында РК(б)П ОК жеделхат жолдаған. Жеделхаттың мазмұны мынадай: «Қырғыз Республикасы билігінің бұйрығымен Әлихан Бөкейханов 14 қазанда Қарқаралыда қамауға алынды. Алашордалықтарға рақымшылық жасау туралы декрет, Кеңес үкіметінің Қырғызстанның байырғы халық бұқарасымен байланысының әлсіздігі, Қырғызстан Кеңестерінің соңғы съезі (III съезд) жұмысының нәтижесінде қалыптасқан ахуалды ескере отырып, 1922 жылы қазан айының басында КАССР Кеңестері болды) сондай-ақ, бұл хабардың қырғыз халқының қалың бұқарасына жағымсыз әсер ету мүмкіндігін ескере отырып, Сізден бұл іске араласуыңызды және негіз болмаса, Бөкейхановты тез арада қамаудан босатуды ұсынуыңызды қажет деп санаймыз» [10, Л.208]. Бұл жеделхат Ә.Бөкейхановты тұтқындаудан арашалауға ресми билік басындағы этноэлита өкілдерінің тарапынан партиялық биліктің ең жоғары инстанциясына жүгінген әзірге қолға ілінген бірден-бір құжат болып тұрғандығын да айта кетейік.

Аталған жеделхат Орталық Комитет шкафтарының тартпаларында жатып қалмаған. 1922 жылы 2 және 4 қараша күндері өткен РКП(б) Орталық Комитеті секретариатының мәжілісінде талқыланып, Бөкейхановтың тұтқындалу себебін Киробком мен ГПУ-дан сұрау туралы шешім қабылданған [11, Л.6]. 1922 жылдың 11 қарашасында Қырғыз (қазақ) обкомының хатшысы Г.А.Коростелев Орталық Комитетке Ә.Н. Бөкейхановтың тұтқындалуына қатысты жеделхат жолдаған. Жеделхатта Бөкейхановтың тұтқындалуы оның «Қазаткомның бұйрықтарына жүйелі түрде бағынбауы, Түркістанға қашып кету ниеті, Семей губерниясындағы Моңғолиямен байланысы бар және қырғыз жастарын бұзып жүрген Алаш Орданың кеңестік билікке адал емес жетекші бөлігінің жойылуы» [11, Л. 209.] себеп болғандығы баяндалады. Өлкелік биліктің Әлиханға «Түркістанға қашып кету ниеті» болды деген айып тағуына негіз болған сияқты. Өйткені, жоғарыда айтып өткеніміздей, көптеген алаштық қайраткерлер Түркістаннан пана тапқан еді.

Ә.Бөкейхановтың тұтқындалу мәселесі ГПУ тарапынан да қарастырылған. Осы мәселеге қатысты өзара жазысқан хаттарда 1922 жылдың 20 қарашасында материалдардың Сырцовқа тапсырылғандығы, оның «Материалдар бар, іс аяқталды» деп жазба қалдырғандығы жөнінде мәлімет кездестіреміз [12, С.488].

«Істің аяқталуы» Ә.Бөкейхановтың абақтыдан босатылып, оны қоғамнан оқшаулау мақсатында 1922 ж. күзінде кеңестік билік Мәскеуге «шақыртып алуымен» бітеді. Осылайша ол 1922 ж. 14 желтоқсанынан 1927 ж. 1 қазанына дейін Мәскеудегі КСРО халықтары Орталық баспасында Қазақ бөлімінің әдеби қызметкері болып жұмыс істеген. Ол осы уақыт аралығында ғылыми шығармашылықпен айналысып, 10-нан астам оқу құралдарын, аудармаларын, ғылыми зерттеулерін кітап етіп басып үлгереді [1, Б.27].

Ресей Федерациясы Мемлекеттік архивінің қорларындағы құжаттарды сараптау барысында Әлекеңе қатысты бірқатар деректерді кездестірдік. Соның бірі Шығыс Орталық баспасы басқармасының төрағасы Қайғысыз Атабаевтың 1923 ж. 19 мамырдағы 28-санды бұйрығы. Ол бұйрықта Қырғыз секциясының ғылыми қызметкері Әлихан Бөкейхановты денсаулығына байланысты 25-мамыр – 25 тамыз аралығында – оның екі айы ақысыз – демалысқа жіберу жайлы айтылады [13, 28 п.].

Ал 1923 ж. 17 қыркүйектегі Ұлт істері жөніндегі халком жанындағы Орталық Шығыс және Батыс баспасы басқармасының төрағасы Красныйдың 59-санды бұйрығында еңбек демалысынан оралған Ә.Бөкейхановтың 15-қыркүйектен жұмысқа түскендігі айтылады [13, 60 п] Осы жерде қосымша ретінде Таулықтар секциясының хатшысы Қорықмазовтың да Әлиханмен бірге жұмысқа түскендігін айта кетуіміз керек. Ал 1 қазан 1923 ж. 63-санды бұйрықпен Ә.Бөкейханов 16 разрядты ставкамен Редакциялық кеңестің ғылыми қызметкері болып тағайындалады [13, 64 п].

Түркістандағы жер мәселесіне арнап» өте құнды зерттеу кітабын жазған М.Есболовты Т.Рысқұлов Сталинге жазған хаттарында Алашорданың көрнекті қайраткері, Алашорда - колчак полкын басқарды дей отырып 1920 ж. Ташкентке шақырылып, Жер Халкомы алқасына мүше болып тағайындалғандығын, 1921-1922 жж. Қожановтың ұсынуымен Түркатком мүшелігіне өткендігін, «Қосшы» одағы басшыларының бірінен саналатындығын, өзі маскүнем, жанжалшыл болғанымен Қожановтың онсыз ешқандай мәселесі шешілмейтіндігін жазады [8, 240 п]. Бұндай саяси айыптаулар түркістандық қазақ қайраткерлерін айтпағанның өзінде М.Есболовпен бірге М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, Қ.Кемеңгеров, М.Жұмабаев, Ғ.Бірімжанов, Қ.Болғанбаев және т.б. үстінен қардай бораған кездер де болды.

Алаш қозғалысының Түркістан (Оңтүстік) қанаты туралы біздің ғылыми тұжырымымызда [14] Алаштық идеяның Түркістан өлкесіне де таралғандығын және ондағы қоғамдық-саяси процестерге елеулі ықпал еткендігі негізделген болатын. Зерттеу барысында Әлихан Бөкейхановтың ұлт көшбасшысы ретіндегі идеялық ықпал-әсері Түркістанның қазақ облыстарына ғана емес, ондағы жәдитшілік, түркішілдік тұғырнамадағы өзге ұлт зиялыларының қызметінде де анық байқалды. Белгілі деңгейде 1917 жылдың 26 қарашасында Қоқан қаласында Түркістан Мұхтариатының құрылуы мен қызметіне Әлиханның тікелей саяси ықпалы болды. Әлиханмен қызметтес, идеялас болған Мұқаметжан Тынышпаевтың, Мұстафа Шоқайдың Бүркітүркістан мұсылмандары съездерін ұйымдастыруы, Өлкелік мұсылмандар Кеңесін құруы ақырында Түркістан Мұхтариатын құруға ұласты. Оның Түркістан өлкесіндегі басқа да қазақ этноэлитасының көшбасшыларымен тығыз қарым-қатынаста болғандығы да деректерден анық байқалады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қазақ жері мен елінің біртұтастығы идеясы әсте де кеңестік биліктің ұлт саясатының жемісі емес екендігін білуіміз керек. Бұл идея XX ғасыр басындағы ұлттық элитаға, оның көшбасшысы Әлихан Бөкейхановқа тиесілі еді. Оған осы қайраткерлердің соңына қалдырған саяси, шығармашылық мұрасы мен азаматтық өнегесі айғақ болады. Осы идея Түркістан өлкесіне қараған қазақ облыстарының 1924 жылғы ұлттық-территориялық межелеу барысында біртұтас мемлекетке бірігуі арқылы нақты іске асты. Бір ғасыр толып отырған ұлттық-территориялық тұтастық бүгінгі күні тәуелсіздігімізге ұласып, еліміздің қазіргізаманғы ұлттық бағдары айқын, демократиялық құндылықтарды басшылыққа алған мемлекет ретінде әлемдік қауымдастықтан өз орнын

иемденгендігі үшін де біз Әлихан Бөкейхан бастаған ұлттық элита өкілдерінің қызметіне тарихи бағасын беруіміз керек.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бөкейханов Ә. Шығармалар. –Алматы: Қазақстан, 1994. -384 б.
2. ҚР ҰҚКА. 78754-іс, 6-тіз., 41-42 пп.
3. Міржақып Дулатұлы. Шығармалары. Бес томдық шығармалар жинағы 5.т. -Алматы: Мектеп, 2004. -614 б.
4. Қожанов С. Құжаттар мен материалдар жинағы. –Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2013. I том. 384 б
5. РГАСПИ Ф.558, Оп.11, Д.30
6. ÖROMA. R-17 қор, 1-тіз., 214-іс. 312 п.
7. ÖROMA. R-17 қор, 1-тіз., 229-іс, 159 п.
8. РГАСПИ. Ф.17, оп.85, д.77. Л.217
9. Алаш қозғалысы құжаттар мен материалдар жинағы. желтоқсан 1917 – мамыр 1920 ж.ж. -Алматы: «Алаш». 2005. Т.2.-496 с.
10. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 112. Д. 384. Л. 208.
11. РГАСПИ Ф. 17. Оп. 112. Д. 384. Л.6, 206.
12. Россия и Центральная Азия. 1905-1925 гг. Сборник документов /Авт.-сост. Д.А.Аманжолова. –Караганды: Изд-во КарГУ, 2005. -495 с.
13. ГАРФ. 4033 қор, 4 тізбе, 1 іс
14. Тұрсұн Х. Алаш һәм Түркістан. –Алматы: «Ел-Шежіре». 2013. -380 б.

REFERENCES

1. Bökeyhanov Ä. Şığarmalar. –Almatı: Qazaqstan, 1994. -384 b.
2. QR UQKA. 78754-is, 6-tiz., 41-42 pp.
3. Mirjaqip Dwlattulı. Şığarmaları. Bes tomdıq şığarmalar jınağı 5.t. -Almatı: Mektep, 2004. -614 b.
4. Qojanov S. Qujattar men materıialdar jınağı. –Almatı: «Jalın baspası» JŞS, 2013. I tom. 384 b
5. RGASPI F.558, Op.11, D.30
6. ÖROMA. R-17 qor, 1-tiz., 214-is. 312 p.
7. ÖROMA. R-17 qor, 1-tiz., 229-is, 159 p.
8. RGASPI. F.17, op.85, d.77. L.217
9. Alaş qozğalısqı qujattar men materıialdar jınağı. jeltoqsan 1917 – mamır 1920 j.j. -Almatı: «Alaş». 2005. T.2.-496 s.
10. RGASPI. F. 17. Op. 112. D. 384. L. 208.
11. RGASPI F. 17. Op. 112. D. 384. L.6, 206.
12. Rossiya i Centralnaya Aziya. 1905-1925 gg. Sbornik dokwmentov /Avt.-sost. D.A.Amanjolova. –Karagandı: İzd-vo KarGW, 2005. -495 s.
13. GARF. 4033 qor, 4 tizbe, 1 is
14. Tursun X. Alaş һәм Türkistan. –Almatı: «El-Şejire». 2013. -380 b.

МАЗМҰНЫ

САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ПСИХОЛОГИЯСЫ: ИСА ТОҚТЫБАЕВ МЫСАЛЫНДА ӨЗІРБЕКОВА А. Ж.....	5-16
АҚШ-тағы КАПИТАЛИЗМНІҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ҚҰЛДЫҚ МӘСЕЛЕСІ (XIX ғасырдың 50-60 жж.) ЖОРАЕВА Г. Т. АТЫГАЕВ А. А.....	17-28
ФОРМЫ И МЕТОДЫ ИЗУЧЕНИЯ ИСТОРИИ ДРЕВНЕГО КАЗАХСТАНА ПО АНТИЧНЫМ ИСТОЧНИКАМ САЛГАРАЕВ М. Т, КОЖА М. Б.....	29-42
ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ АЛАШ ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ КӨШБАСШЫСЫ ХАЗРЕТӘЛІ ТҰРСҰН.....	43-49